



Сыр бойы

№176-177
(20650-20651)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

18 қараша, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

20 миллионға жеттік!



14 қарашада Қазақстан Республикасының халық саны 20 миллион адамға жетті. Халықтың деректер базасының көрсеткіштеріне сәйкес, 2023 жылғы 14 қарашада таңғы сағат 8.10-да туған 5 бала еліміздің 20 миллионыншы тұрғыны атанды. Қазақстанның мерейлі азаматтары Ұлытау, Жетісу, Атырау, Ақмола және Түркістан облыстарында дүниеге келді. Қазақстан халқының санын 20 миллионыншы болып толықтырған 3 ұл мен 2 қызға Президент атынан арнайы сыйлықпен қатар, «Отбасы банкінің» 2 млн теңгелік сертификаты табысталды.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»

3-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды халық санының 20 миллионға жетуімен құттықтады. «Халқымыздың саны 20 миллионға жетті! Баршанызды ақжолтай жаңалықпен құттықтаймын! Бақытты отбасы – бақуатты елдің негізі. Мемлекет отбасы құндылықтарын нығайтуға, ана мен баланы қорғауға баса мән береді», – деп жазды Президент Twitter-де.

Елімізде халық санының 20 миллионға жеткені ел көлемінде аталып өтуде. Мысалы, Астана жастары 20 саны түрінде сап түзеіп, Мемлекеттік туды желбертті. Іс-шараға барлығы 200 волонтер қатысты.



ҚЫЗЫЛОРДА – СЫР ЖАҒАСЫНДАҒЫ СЕРПІНДІ ҚАЛА



Қызылорданың тарихы – қасиетті Сыр тарихының алтын қазығы. Қамысқала – көненің көзі, өлмес мұралардың көмбесі. Арғы Ақмешіт – ғасырлар тоғысының өткелі. Әр дәуірдің өз үні, өз шежіресі бар. Тарих тәлімі жылнама жаңалығын жіліктеп өзі-ақ таратып береді. Скиф-сақ кезеңінен кешегі хандық заманына дейінгі қалалар мен астана, ордалықтардың дені шоғырланған Ұлы Дала. Көшпенділердің керуен жолдары сайын далада сайрап жатыр. Ат дүбірінің ізі түскен соқпақтан бүгінгі тоғыз жолдың торабына айналған аймақта екі ғасырдан астам тарих таңбасын тануға болады. Облыстың 85 жылдығы аясында қаланың қатпар-қатпар хабары баршылық. Ендеше, құлақ түріңіз, сөз тізгінін ағыттық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

4, 5-беттер

ЖАҢА НЫСАН

БАЙСЫНДАҒЫ БЕРЕКЕЛІ КҮН



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

Кеше Шиелі ауданының Жаңатұрмыс ауылдық округіндегі Байсын ауылында 250 орындық мектеп ел игілігіне табысталды. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ашылу рәсіміне қатысып, ауыл тұрғындарын құттықтады. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

– Алаштың көрнекті қайраткері Міржақып Дулатов: «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» деген. Мемлекет білім саласына үлкен қамқорлық көрсетуде. Біздің өңірімізде де ауқымды жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар атқарылуда. Быыл облыста 5 жаңа мектеп пайдалануға берілсе, 4 мектепке 1850 орындық

қосымша ғимарат салынды. Бүгін Байсын ауылында 250 орындық мектеп ашылуда. Баршанызды жаңа білім ордасының пайдалануға берілуімен шын жүректен құттықтаймын. Аудан, ауыл өсіп-өркендесе, тұрғындардың тұрмыс жағдайы көтеріліп, балалардың білім-ғылымға деген ынтасы артары сөзсіз.

2-бет



САРАП

НЕКЕГЕ ДЕЙІН ДӘРІГЕРГЕ КӨРІНУ БАСТАМАНЫҢ ОҢ МЕН СОЛЫ

Елімізде бірқатар шет елдегі сияқты болашақ жас жұбайларға кешенді медициналық тексеруден өту, отбасылық жұптардың денсаулық паспортын енгізу ұсынылды. Нақтырақ айтсақ, Денсаулық сақтау министрлігінің «Әрбір әйел – әрбір бала» тұжырымдамасының жобасында «Отбасылық жұптардың денсаулық паспортын» әзірлеу және іске асыру, некеге тұрғанға дейін қыздар мен жігіттерді ерікті профилактикалық тексеруді көздейді.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

3-бет



Фото: Алияқ Серкебеков

● БАСПАСӨЗ - 2024



Құрметті оқырман!

2024 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.



ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаевпен кездесіп, өлем елдерінің аландаушылығын туғызған Арал өңірінің экологиялық жағдайын жақсарту мақсатындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Ынтымақтастықтың мақсаты – Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауындағы тапсырмасын орындау. Оның аясында Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы 1,1 миллион гектар аумаққа фитомелиоративтік жұмыстарды сапалы жүргізу.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осы жылғы 15 мамырдағы Қауіпсіздік Кеңесі отырысында облыс әкімдіктерімен бірлесіп, тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарының жаңасын салу және жұмыс істеп тұрғандарының қуатын кеңейтуді тапсырғаны белгілі. Сондай-ақ, оларды экологиялық және санитариялық нормаларға сәйкестендіруде, коммуналдық қалдықтарды басқару бағытында атқарылатын жұмыс ауқымды.

Ынтымақтастықтың басым бағыты Арал теңізіндегі фитомелиоративтік жұмыстарды күшейту, елді мекендерді қоғалдандыруға қажетті саялы және жеміс ағаш көшеттерін өсіретін тұрақты тұқымбақ ашу, мемлекеттік орман қоры аумағында өрт сөндіру станцияларын салу, орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту болмақ. Сонымен қатар, коммуналдық қалдықтарды басқаруға қатысты инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың негізгі шарттарын әзірлеп, оны әрі қарай жетілдіру ойластырылған. Қалдықтарды қайта пайдалануға, өңдеуге, сұрыптауға, кәдеге жаратуға дайындайтын ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Мұнан бөлек, пилоттық жобаны Қызылорда облысында жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылмақ.

ШОҚАЙТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мұстафа Шоқайдың өмір жолы мен шығармашылық мұрасын зерттеуші ғалымдар ҚР ҰҒА академигі Сыр елінің атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры Мәмбет Қойгелдиев, Түркияның Мимар Синан көркемөнер университетінің профессоры Әбдіұзақ Қара, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, мемлекет және қоғам қайраткері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі Әбдіжелел Бөкірмен кездесіп, қайраткердің есімін ұлықтау мәселелерін талқылады.



– Еліміздің тарихында өшпестей із қалдырған, өнегелі ісі аңыз болып дараланған тұлғалар аз емес. Солардың бірегейі Сыр елінің асылперзенті, түркібилігі идеясының жаршысы Мұстафа Шоқайдың орны ерекше. Оның сан салалы саяси қызметін, шығармашылық мол мұрасын танудың оскелең ұрпақты ұлттық рух пен отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы зор. Мұстафа Шоқай есімі өздеріңіздей ғалымдар мен Тәуелсіз елі барда ешқашан өшпейтін, тағылымды істері халық арасында насихаттала беретіні анық, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде, ғалымдар ұлт қайраткерінің мұрасын зерттеу жөніндегі жоспарларын баяндап, ұсыныстарын ортаға салды.

Мұстафа Шоқай – қазақтың мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткері, тәуелсіз, біртұтас Түркістанның идеологы. Алашорда үкіметі халық кеңесінің мүшесі. Еуропада эмиграцияда жүріп, қазақтың бостандығы үшін күрескен тұлға.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БАЙСЫНДАҒЫ БЕРЕКЕЛІ КҮН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы жастарды оқуға, ғылым-білімді, жаңа машықтарды игеруге, технологияны күнделікті өмірде шебер де тиімді пайдалануға шақыруда. Алты Алаштың айбыны Абылай ханның ұлы дала мұрагерлеріне

1-бет

«Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенер заманда қапы қалып жұрмелік» деген аманатын баршамыз жақсы білеміз. Білім мен ғылым заманында алар асуларыңыз бен бағындырар шырларыңыз биік болсын, – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада еңбек ардагерлері мен түрлі саланың дамуына үлес қосып жүрген азаматтар, мердігер мекеменің қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Найла Палымбет жерлерінің құттықтап, игі тілегін арнады.

Айта кетейік, облыс мектептерінде жас ұрпаққа рухани-патриоттық тәрбие беру жолға қойылған. Күн сайын барлық білім ошақтарында бір мезетте, яғни сағат 7.50-де еліміздің Әнұраны орындалады.

Биылғы облыс бюджетінің 60 пайыздан астамы әлеуметтік салаға бағытталған. Соның ішінде, білім саласына 278 млрд теңге бөлінді. Президент қолдауымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында құны 98 млрд теңге болатын 21 мектеп салынады, оның біреуі Шиели ауданында бой көтермек. «Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар мектеп-интернат құрылысы қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар, облыс орталығында демеушілер есебінен 2,3 млрд теңгеге 350 орындық заманауи үлгідегі Оқушылар сарайының, Сырдария өзенінің сол жағалауында құны 4,8 млрд теңге болатын жаңа музыкалық колледждің құрылысы басталмақ.

АЗЫҚ-ТҮЛІК: БАҒА БАҚЫЛАУДАН ШЫҚПАСЫН



Халық үшін азық-түлік бағасының тұрақты болуы әр кезде де маңызды. Бейсенбі күні облыстық азық-түлік тауарларына баға белгілеудің тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссияның көшпелі отырысы өтті. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов бастаған комиссия мүшелері қаладағы SMALL мен «Қызылорда» сауда орталықтарындағы бағаны тексеріп, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың жай-күйін білді.

Сb Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

САУДА ЖЕЛПЕРІ СЕНІМДІ АҚТАЙ МА?

Жалпы, облыста әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрі бар. Ал SMALL супермаркеті әзірге соның тек бесеуін саудалап жатыр. Мәселен, орталық халыққа күршінің бір келісін 400 теңгеден сатады, яғни, негізгі бағадан 120 теңгеге арзан. Аталған сауда желісінің өкілі Еркежан Тұрсынбай баға саясатын нық ұстап отырғанын айтады.

– Бізге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын жеткізгенде баға осы шамада, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік түрлерін көбейтуге ниетті. Комиссия мүшелері аптасына екі рет сауда орталықтарын аралап, бағаны бақылап отырады.

ЗАНБҰЗУШЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Аймақ басшысының өкімімен құрылған комиссия жыл басынан 91 отырыс өткізіп, күріш, пиязбен тұз бағасы бойынша 11 занбұзушылық анықтаған. Күріш құнын өсірген 6 кәсіпорныға босекелестікті қорғау және дамыту департаменті айыптал салса, қалған 5 факт бойынша бағалар төмендетіліп, сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті негізсіз делдалдарды қысқартқан. Бұдан бөлек, бағаның өсуін тежеу, сондай-ақ инфляциялық қысымды төмендету мақсатында облыста 183 сауда нысанымен 10 пайыздан аспайтын ең төменгі сауда үстемесі туралы екіжақты меморандум жасалған. Осы тұста облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов сауда орталықтарының өкілдеріне бірнеше ескерту айтты.

– Дүкендер әлеуметтік маңызы бар азық-түлікті саудалайтын

кезде 15 пайыздан артық өсім қосуға болмайтынын ұмытпаған абзал. Биылдан бастап ірі сауда орталықтары да бағасы арзан болғанымен, сапасы жақсы өз өнімдерімізге қол жеткізіп отыр. Басты мақсат – инфляцияға жол бермеу. Біз әлеуметтік дүкендерде халыққа ет саудалауды қолға алғалы жатырмыз. Жаңа жыл жақындады, бірақ мереке қарсаңы екен деп тауарлардың бағасын қымбаттатуға болмайды. Осындз да солтүстіктегі ауа райының қолайсыздығына байланысты үн бағасы өсті, – деді ол.

Енді тұрақтандыру қорындағы жағдайға келсек. Қазір қорда 2092,5 тонна өнім мен 291,6 мың дана жұмыртқа бар. 11 кәсіпкерлік субъектісі арқылы 5901,5 тонна әлеуметтік маңызы бар тауармен қамтамасыз ету жөнінде міндеттемелер белгіленген. Сондай-ақ, күзгі өнімнен 4952 тонна көкөніске форвардтық келісім жасалып, оның 1032 тоннасы тұрақтандыру қорына жеткізілген.

Әлеуметтік нан бағасын тұрақтандыру мақсатында жыл басынан бері 7480 тонна үн сатып алынып, облыстағы наубайханаларға таратылып келеді. Осы күні тұрақтандыру қорында 692,2 тонна үн бар болса, үн өндіруші кәсіпорындағы көлем 2063 тоннаны құрайды. Соның арқасында нан бағасын 90 теңге межесінде ұстауға мүмкіндік туы.

Жұмыртқа бағасын реттеу үшін жыл басында 571 мың данасы сатып алынып, төмен бағада облыс тұрғындарына ұсынылған болатын. Қазір өңірлік тұрақтандыру қорына тағы да 500 мың дана тауық жұмыртқасын сатып алу бойынша «Байқоңыр» ӘКК» АҚ мен Ақмола облысының құс фабрикасы ресми дистрибьютері ретінде белгіленген «Береке Трейд КЗ» ЖШС арасында келісім-шарт жасалып, әлеуметтік дүкендерде 1 данасы 43 теңгеден өткізілуде.

Облысты 2354,3 тонна қантпен қамтамасыз ету үшін «Мерке қант» зауытынан 204 тонна өнім жеткізілген. Бұдан бөлек, жыл басынан бері апта сайын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізілуде. Осыған дейін 271 жәрмеңке ұйымдастырылып, 10,3 мың тонна өнім облыс тұрғындарына ұсынылды.

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕ КЕЗДЕСУДЕ АЙҚЫНДАЛАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес барлық деңгейдегі әкімдер тоқсан сайын халыққа есеп береді. Осы орайда Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаев, Қ.Пірімов, Жалаңтөс батыр, Басықара, Абай, Ғани Мұратбаев ауылдарына барып, тұрғындармен кездесті.



Сb Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

Алғашқы кездесуді Басықара ауылында бастаған Мұхтар Әуесұлы жұртшылықты Қызылорда облысының 85 жылдық және Қазалы ауданының құрылғанына 95 жыл толуымен құттықтады. Сонымен қатар жуырда ғана ауданда өткен ауқымды шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылуындағы елдің ауызбіршілігіне ризашылығын жеткізді.

Мұнымен қоса ел ішіндегі жағымды жаңалықтарды сөз етіп, тұрғындардың ұсынысына сәйкес шешімін тауып жатқан мәселелер де айтылды.

Ауылдық клубтағы басқосуда тұрғындар бірқатар түйткілдерді тілге тиек етті. Атап айтсақ, көпшілік округ ішіндегі жолдар, су ұңғымасын қазу, балабақша, дәрігерлік амбулатория және жарық жайын ортаға салды.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев тұрғындар көтерген мәселелердің әрбірін

жеке-жеке тоқталып, сұрақтарға толыққанды жауап берді.

Тұрғындармен кездесу мұнан соң Құмжіек пен Қарашенгел ауылдарында жалғасын тапты. Аудан басшысы жыл басынан бері атқарылып жатқан жұмыстарды сөз етіп, ұсыныс-пікірлерге құлақ түрді.

Түс ауа аудан әкімінің көпшілікпен кездесуі Абай, Ғани Мұратбаев ауылдарында жалғасты. Мұнда да ауыл тұрғындары маңызды мәселелерді ортаға салды.

Аудан әкімі елді мекендерге сапары кезінде жеке қабылдауға жазылған азаматтармен кездесті.

Халықпен кездесулерде аудан прокуроры Дарын Әбіш, аудандық мәслихат депутаты Әділбек Сарабеков және бірқатар дербес бөлім мен мекеме-кәсіпорын басшылары болды.

Қазалы ауданы

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ӨНДІРІС

ТЫҢАЙТҚЫШ ЗАУЫТЫ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту, жер-су қорларын тиімді пайдалану, өсімдік шаруашылығын әртарапандыру, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі мен өнім сапасын жақсартып, олардың экспорттық әлеуетін арттыру жөнінде тапсырма берілді. Бұл жұмыстардың өз деңгейінде орындалуы үшін минералдық тыңайтқыштар өндіру қажеттілігі де айтылды.

Қазақстан астық өндірісі жағынан жетекші орын алғанымен, гектар шығымдылығы төмен, жалпы өнімді егістік жерлердің көлемімен алып отырғаны баршаға мәлім. Оның себебі, орташа есеппен егістің бір гектарына шаққандағы минералдық тыңайтқыштарды қолдану мөлшері өте аз. Өлем елдері бойынша 1 гектар егіске тыңайтқыш қолдану, әсер етуші зат бойынша 1100-2000 келден төмендей бастайды, бұл елдерге Малайзия, Жаңа Зеландия, Ирландия, Бахрейн, Кувейт жағайды. Қазақстанда бұл көрсеткіш 4-5 келі шамасында, Конго, Ауғанстан, Сирия, Гамбия, Нигер елдері қатарында, себебі егістік жерлер көлемі өте көп, тыңайтқыш қолдану мөлшері аз. Көрші ТМД елдерін алатын болсақ, бұл көрсеткіш Озбекстанда 200-400, Беларусь, Грузия, Түркіменстанда 100-200, Тәжікстан, Украинада 50-100, Ресей, Қырғызстанда 20-50 келден келеді.

Егіншілікте «Қоректік заттардың топыраққа қайтарым заңы» деген ұғым бар, ол өніммен шығып кеткен химиялық қоректік элементтерді органикалық және минералдық тыңайтқыштар енгізу арқылы топыраққа қайтарып отыру қажет екендігін айтады. Бұлай болмаған жағдайда топырақтың табиғи құнарлығы төмендейді, қарашірігі азаяды, қасиеттері нашарлайды, нәтижесінде жылдан жылға өнімділік төмендеп, өнім сапасы ойдағыдай болмайды.

Сондықтан егістік жерлер топырағының құрамын тексеріп, жоспарлы өнімге қажетті тыңайтқыштарды енгізу қажет. Күріш өндірумен айна-

лысатын Қызылорда облысының шаруашылықтары күрші өсіміне қажетті азот тыңайтқыштарын Озбекстаннан, Ресейден қымбат бағаға алуда, оған кейбір майда шаруашылықтардың мүмкіндігі келе бермейді немесе жолдың алыстығына, кедендік мәселелерге байланысты уақытында егістікке жеткізе алмайды. Азот тыңайтқышын өндіру үшін шикізат керек емес, оны ауа азотынан алады, сондықтан Үкіметке Қазақстанның суармалы егіншілігі дамыған өндірістік өнімдері карбамид өндіретін зауыт салу жайлы жергілікті қузырылған органдардан ұсыныс беріле деймін.

Күріш өсімдігіне аса қажетті қорек элементінің бірі – калий. Бұл элемент жетіспеуі өсімдік пісу кезінде жығылады, жарма шығымдылығы төмендейді, дәні шытынап, майдаланады. Қазақстанда калий тыңайтқышын шығаратын зауыт жоқ, оны өндіруге қажетті шикізат-калий тұздары Ақтөбе облысында бар. Сондықтан минералды калий тыңайтқышын өндіретін зауыт салу мәселесін де қарастыру керек.

Алтын қорымызды аздырмай-тоздырмай, халыққа қажетті өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіріп, ұрпағымызға жерді қастерлеп, күтіп-баптауды аманат ету үшін жоғарыда айтылған шаралар орындалса деймін.

Ибадулла ТАУТЕНОВ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы,
«Күрмет» орденінің иегері



Фотосурет: Астана-Астана

Жалпы, көптік елдің береке-бірлігінің кепілі екенін халқымыз бұрыннан жақсы білген. Бұл тұрғыда халық санының өсуі ең алдымен ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан маңызды. Демограф Аяулым Сағынбаеваның пікірінше, әсіресе шекара маңындағы аумақтарда халықтың орналасуы бірінші кезекте маңызды. Сарапшы пандемияға қарамастан, еліміздің 20 миллиондық межеге жете алғанын, мұндай өсім ел тарихында болмағанын айтады. Осы демографиялық өзгерістерге қарап, тұтас әлеуметтік және экономикалық саясатты жанарту үшін жаңа бастама берілгенін түсінуіміз керек.

Тәуелсіздік алған 1991 жылы Қазақстанда халық саны 16 миллион болды және 90-жылдары жаппай эмиграция мен туу көрсеткішінің төмендеуі халық санын едәуір азайтты. Бұл 16 миллиондық межеге Қазақстан 2009-2010 жылдары ғана қайта жетті. Елімізде туу көрсеткіші бойынша Түркістан, Маңғыстау және Атырау облыстары көш бастап тұр.

20 миллион адам – жай ғана цифр емес. Оның жағымды жақтарымен қатар, салдары туралы да ойлану керек. Әрбір тұрғын – біздің адами капиталымыз. Оның қай жерде оқытынын, алған білімінің сапасын, денсаулығын, оған қолжетімді жағдайлар мен игіліктерді, әр баланың әлуетін қалай жүзеге асыруға болатынын ойлау қажет.

1991 жылы Қазақстан Республикасының халық саны 16,4 млн адамды құраған. Тәуелсіздік жылдарында ел халқы 22,3% өсті. Мәселен, 2022 жылы 1991 жылмен салыстырғанда туу саны 353,2 мыңнан 403,9 мың адамға дейін немесе 14,7% өсті. Бала туудың ең жоғары көрсеткіші 2021 жылы тіркеліп, 446 мың баланы құрады. Табиғи өсімнің артуы нәрсесте өлімінің азаюы нәтижесінде қамтамасыз етілді. Жалпы өлім-жітім 1991 жылғы 8,20-дан 2022 жылы 1000 тұрғынға шаққанда 6,8 адамға дейін төмендеді.

Халықтың 1000 адамға шаққандағы туу көрсеткішін көрсететін жалпы туу коэффициенті тәуелсіздік жылдарында 1991 жылғы 21,6-дан 2021 жылы 23,6-ға дейін өсті. 2022 жылы бұл көрсеткіш 20,7 болды. Ең маңызды демографиялық көрсеткіштердің бірі болып саналатын туудың жиынтық коэффициенті 1991 жылғы 2,7-ден 1999 жылы 1,8-ге дейін төмендеді. Кейіннен оның біртіндеп өсуі байқалды. 2022 жылы туудың жалпы коэффициенті 1 әйелге шаққанда 3,05-ке жетті.

Күтілетін өмір сүру ұзақтығы 1991 жылмен салыстырғанда 2022 жылы 6,8 жылға өсті, бұл ретте ерлер арасында 7,7 жылға, әйелдерде 6 жылға өсті. Осылайша, 2022 жылы Қазақстанда күтілетін өмір сүру ұзақтығы 74,4 жасты құрады.

НЕКЕГЕ ДЕЙІН ДӘРІГЕРГЕ КӨРІНУ

бастаманың оң мен солы



Фотосурет: Астана-Астана

«Бұл жобаны іске асырудың мақсаты – ана өлімінің жиілеуіне, жастардың репродуктивтік және соматикалық денсаулығын сақтауға, нығайтуға барынша әсер ететін кейбір ауруларды анықтау. Жыныстық жолмен берілетін генетикалық, соматикалық және инфекциялық ауруларды уақытылы ерте анықтау мен жүктілікті жоспарлаудан бұрын емдеуді бастау. Елімізде нәрсесте өлімінің 58,7%-ы дене салмағы 2500 грамнан кем шала туған нәрсестер, ана өлімінің барлық жағдайларының 46%-ы әйелдің әртүрлі созылмалы ауруларына байланысты», – деп жазды министрлік.

Сонымен қатар жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың таралу проблемасы бар. Олар адамның және болашақ ұрпақтың денсаулығына әсер етеді. Елімізде АИТВ инфекциясының барлық жағдайларының 74,7%-ы жыныстық жолмен берілген, ал үш негізгі ЖЗБИ – мерез, гонорея және трихомониаздың таралуы ресми статистикаға қарағанда 3-3,5 есе жоғары.

«Ана өлімінің, жыныстық серіктестің инфекциясының немесе ұрық өлімінің алдын алудың ең жақсы тәсілі – ауруды уақытылы анықтау және емдеу. Халықаралық тәжірибені талдағанда, әлемнің көптеген елінде некеге дейінгі медициналық зерттеп-қарау тәсілі енгізілген. Ұсыныстардың нақты тізімі әр елдің экономикалық, мәдени, діни және медициналық жағдайларына байланысты өзгереді. Некеге дейінгі зерттеп-қараудың мақсатына айналған үш алғышарт бар. Кейбір ауруларды анықтаған кезде қоғамдық денсаулыққа әсері зерттеледі, болашақ ерлі-зайыптылардың денсаулығының нашарлауына және ауру ұрпақтардың тууына жол бермейді, ықтимал аурудың алдын алу немесе емдеу мүмкіндігіне байланысты болады. Мұндай аурулардың арасында талассемия, орақ тәрізді жасушалы анемия, АИТВ, В және С гепатиттері, қызамық, мерез, басқа жыныстық жолмен берілетін аурулар жиі кездеседі», – делінген хабарламада.

Расында кейінгі уақытта сырқат түрлері көбейіп кеткені белгілі. Әсіресе, туа бітті науқасы бар сәбилердің тууы жиілегені байқалады. Болашақта мұндай бала дүниеге әкелмес үшін жастардың некелесер алдында медициналық тексеруден өткені әрине, құптарлық. Не нәрсенің де алдын алу болашақта болатын қауіптен сақтайтыны рас. Бірақ біздің халық бұған дайын ба? Ұсынысты көпшілік қалай қабылдайды екен?

Жоғарыда айтып өткеніміздей, әлемнің бірқатар елінде жастарға некелесер алдында арнайы дәрігерлік тексеруден өтуді заң жүзінде міндеттейді. Мәселен, Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Болгария, Украина, Молдавия және АҚШ-тың бірнеше штаттарында бұл үрдіс қалыптасқан. Отбасын құруды қалайтын жұптар болашақ ұрпақтың өміріне кедергі боларлық қауіпті дертті таратпас үшін алдын ала генетикалық ауытқулар бойынша анализ тапсырады. Әсіресе қыз бен жігіттің бір-біріне туыстық қатынаста болу-болмауы жіті қадағаланады. Сондай-ақ, Жерорта теңізінің кейбір елдерінде немесе Араб шығысында талассемия мен орақ тәрізді жасушалы анемияға некеге дейінгі міндетті тексеру жиі кездеседі, бұл жақын адамдар некелесуінің жоғары таралуына байланысты. Қандай да бір ауру немесе аурудың даму қаупі болған жағдайда жастардың арасындағы некені тіркеуге тыйым салу емес, зерттеп-қаралып, медицина қызметкерлерінің уақытылы консультациясын алу міндеті тұр. Денсаулық сақтау министрлігі аналар денсаулығын қорғау басқармасының басшысы Шәкізат Халықованың айтуынша, бұл бізде жастардың генетикалық саулығын сақтау үшін жұптардың денсаулығын тексеріп, жоспарлы жүктілікке дайындалу үшін жасалып отыр. Сондай-ақ, ол тұжырымдама некелесуге болмайды дегенді білдірмейтінін, яғни, некеге тұруға тыйым салмайтынын айтады.

Генетикалық саулық демекші, елімізде 2007 жылдан бері қабылданған жалпыұлттық мемлекеттік бағдарлама бойынша бүгінде кез келген жүкті әйел генетикалық скринингтен өтеді. Құрсақтағы балада Даун, Эдвардс синдромы сынды күрделі ауытқулар, басқа да сырқаттардың болу қаупі қандай дегендей екенін айқындайтын қан сараптамасы кейде әйелдерді уайымға салып қояды.

– Жүкті әйелдерді генетикалық скринингтен өткізу жөнінде елімізде қабылданған құжаттың мақсаты – мүгедек бала туудың алдын алу, туа бітті

кемістігіне байланысты бала шетінеуін азайту. Мүгедек бала – бір отбасының ғана емес, күллі қоғамның өзекті мәселесі. Әсіресе, туа біткен генетикалық кемістік емделмейді. Сондықтан осы мәселенің алдын алу үшін генетикалық скринингтен өту маңызды. Бүгінде барлық жүкті әйелдер диспансерлік бақылауға тұрғаннан кейін биохимиялық скринингтен өтуі міндетті. Кейбіреулер «мұндай ауру менде болмайды» деп ойлауы мүмкін. Шыңтайында, табиғи мутация мен хромосомдардың дұрыс бөлінбеуінен ешкім де сақтандырылмаған. Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығы бойынша аяғы ауыр әйел үш рет ультрадыбыстық скринингтен өтуі міндетті. Оның біріншісі алғашқы триместрде, яғни, жүктіліктің 10-14 аптасында, екіншісі 19-20 апта аралығында, үшіншісі 32-34 аптада жүргізіледі. Бұлардың ішіндегі маңыздысы – екінші триместрдегі ультрадыбыстық тексеру. Мұнда іштегі шараның жағдайы, мүшелерінің қалыптасып дамуы 22 параметр бойынша тексеріледі. Егер баланың дамуында қандай да бір күрделі кемістік барын бір УДЗ дәрігері ғана емес, басқа да мамандар нақтыласа, онда мәселе дәрігерлік кеңес беру комиссиясында қаралады. Оның құрамында генетик, УДЗ дәрігері, неонаталды хирург және баланың қай жерінде кемістік бар, сол саланың маманы болады. Бұдан кейін құрсақтағы баланың жағдайы туралы ата-анасына хабарлап, мәңжайды егжей-тегжейлі түсіндіреміз. Жүктілікті ұзу туралы соңғы шешімді ата-ана қабылдайды. Біз ешкімді «балаң кем болып туады, оны алып таста» деп мәжбүрлемейміз, – дейді облыстық перинаталдық орталықтың медико-генетикалық орталығының меңгерушісі, генетик дәрігері Рима Махамбетова.

жобаның оң жағы да, теріс жағы да бар деп ойлаймын. Бірінші оң жағына тоқталсам, бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес қабылданғаны отыр. Себебі зерттеп қарасам, некелесер алдында жастардың медициналық тексерістен өтуі шетелдерде қолданылып жүрген заң екен. Енді әке ретіндегі пікірім дұрыс, қажет деп ойлаймын. Шынында бұл – көп қауіптің алдын алу. Экологиялық проблема бар, кешегі пандемиядан өткен жағдайымыз бар, онан бөлек, қазіргі кезде бұрын естіп-білмеген сырқат түрлері пайда болып, жиі көрініс беруде. Әсіресе, жұқпалы аурулардың белең алуы қауіпті. Сондықтан адам бойындағы бар кемшілікті, яғни, отбасы болуға кедергі келтіретін, зиянын тигізетін ауруларды алдын ала білген дұрыс. Бұл жерде намыстанатын, ұялатын ештеңе жоқ. Керісінше, үйленуге ниетті жастардың бір-біріне деген сенімді ұлғады, араларында күмән болмайды деп ойлаймын.

Бірақ біздің менталитетімізге байланысты қиындау болатын сияқты. Сондықтан мұны қолданысқа енгізбес бұрын кенінен насихаттап, ақпараттандырып, халыққа жақсылап түсіндіру керек. Ал теріс жағы деп отырғаным, бұл қомақты қаржыны талап ететін секілді. Сондықтан ол анализдерді тапсыру, яғни, медициналық тексеру тегін, яғни, ақысыз негізде болуы керек шығар. Негізінен қолдайтын бастама, – дейді облыстық дарындар балаларға арналған білім-инновация лицейінің әкелер кеңесінің төрағасы Еркебұлан Есенбаев.

Ал қобалы аяна, «Күміс алқа» иегері Алтынуқұл Дәрібаева отандық медицина енгізгелі отырған «жаңалықтың» халқымызда бұрынғы бар екенін, әйтсе де жастарды некелесер алдында медициналық тексеруден өткізу туралы бастаманың дер кезінде көтеріліп отырғанын айтады.

– Біздің халқымыз қан тазалығы деген мәселеге ерте заманнан-ақ ерекше мән берген. Сондықтан жас ұрпаққа жеті атаға дейін үйленбеу керектігін айтып, құлаққа құйып отырған. Бүгінде медицина, технология, жалпы заман дамып жатыр ғой. Ұлттық құндылықтарымыз, болмысымыз соның қолғабында қалып бара жатыр ма деп те ойлайсың. Оның үстіне ауру жас талғамайды. Қазіргі жастар әлжуаз. Отау құрған жұптар арасында сәби сүйе алмау мәселесі де жиі айтылып жүр. Осындай жайттарды ескере келе мұндай мәселенің көтерілуі дұрыс деп ойлаймын, яғни, жастарды некелесер алдында медициналық тексеруден өткізгеннің артықтығы жоқ. Өз басым мұны жақсы қабылдаймын, – дейді ол.

– Кез келген жаңа отау құрған отбасы балалы болмас бұрын дәрігерге қарулауға, ақыл-кеңес алуға тиіс. Әсіресе, ерлі-зайыптылардың бірінде немесе жақын туыстарында тұқым қуалайтын сырқаттары болса, жұптар өзара жақын туыс болып келсе, әйелдің жасы 35-тен, ердің жасы 45-тен асқан болса, онда олар генетикалық тексеруден өтуге міндетті. Әр ата-ана балалы болуды алдын ала жоспарлағаны дұрыс. Егер елімізде шетелдердегі секілді жұптарды некелесу алдында дәрігерлік тексеруден өтуге міндеттесе тіпті жақсы болар еді. Өйткені ол жұптар үшін, болашақ өмірге келер ұрпақ үшін маңызды, – дейді генетик-дәрігер Рима Махамбетова.

Жоғарыда тоқталғанымыздай, дәрігерлер бірқатар қауіпті әрі жұқпалы аурулардың жасарып бара жатқанын айтып дабыл қағуда. Бұл бейжай қарайтын нәрсе емес. Өйткені болашақ дені сау ұрпақпен ғана жарқын, құнды. «Ауру бандандып кіріп, мысқалдап шығады» демекші, бала кезде болмаса жасөспірім шақта жабысқан ауру ересек кезде өз «ізі» қалдырмай қоймайды. Сол секілді тұқымды да бар сырқат та өйтеуір бір көрініс табатыны сөзсіз. Онан бөлек, қазіргі уақытта жастардың өмір салты, киіну әдебі мүлдем өзгерді десек болады.

Біздің балалық шағымызда құн сұрыста ұзын қоныш етік, ұзын етек палто кино қалыпты болса, бүгінгі жастар үшін бұл ерсі. Сенбесеніз көшеге шыққанда айналаныңа зер салып қараныңыз. Қыстың қатұлы күндерінің өзінде аяқта жеңіл қарасөк, жалаңбас, үстінде белін әзер жабатын куртка. Қысқа шұлықтан тобығы жылтырап жүргендері. Ұлдың да, қыздың да киім киісі осы. Жас күнімізде әжелеріміз «табаннан өткен ыза тұла бойыңды тоңдырады, суық шалады» деп отыратын. Бүгінде жастардың ауруға бейім болуының басты себебі бәлкім, осы шығар? Қалай десек те мамандардың некелесу алдында жұптарды медициналық тексеруден өтуді міндеттеу жөніндегі жобасы дер шағында көтеріліп отыр ма дерсіз. Ал жастардың өзі бұған қалай қарайды екен? Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?!

1-бет

МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТУ ХРОНОЛОГИЯСЫ:

15 МИЛЛИОН – 2004 Ж.
16 МИЛЛИОН – 2009 Ж.
17 МИЛЛИОН – 2013 Ж.



18 МИЛЛИОН – 2017 Ж.
19 МИЛЛИОН – 2021 Ж.
20 МИЛЛИОН – 2023 Ж. ҚАРАША

ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНЫ

1991	16 355 537	2008	15 571 506
1992	16 449 026	2009	15 982 370
1993	16 423 793	2010	16 203 274
1994	16 332 180	2011	16 440 470
1995	15 953 982	2012	16 673 933
1996	15 673 134	2013	16 910 246
1997	15 477 950	2014	17 160 855
1998	15 185 489	2015	17 415 715
1999	14 955 106	2016	17 669 896
2000	14 901 641	2017	17 918 214
2001	14 865 610	2018	18 157 337
2002	14 851 059	2019	18 395 567
2003	14 866 837	2020	18 631 779
2004	14 951 200	2021	18 879 552
2005	15 074 767	2022	19 503 159
2006	15 219 291		
2007	15 396 878		

ТУУДЫҢ ЖАЛПЫ КОЭФФИЦИЕНТІ

(1000 АДАМҒА ШАҚҚАНДА)

1991	21,6	2008	22,9
1992	20,5	2009	22,3
1993	19,2	2010	22,7
1994	18,7	2011	22,7
1995	17,3	2012	22,9
1996	16,2	2013	22,9
1997	15,0	2014	23,3
1998	14,6	2015	22,9
1999	14,5	2016	22,7
2000	14,9	2017	21,8
2001	14,9	2018	21,9
2002	15,3	2019	21,9
2003	16,7	2020	22,9
2004	18,3	2021	23,6
2005	18,5	2022	20,7
2006	19,8		
2007	20,9		

ТУУДЫҢ МАҢЫЗДЫ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ТУУДЫҢ ЖИЫНТЫҚ КОЭФФИЦИЕНТІ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында 1991 жылғы 2,7-ден 1999 жылы 1 әйелге шаққанда 1,8-ге дейін төмендеді, одан кейін біртіндеп өсіп, 2022 жылы туудың жиынтық коэффициенті 1 әйелге шаққанда 3,05 жетті.

ӨЛІМ-ЖІТІМНІҢ ЖАЛПЫ КОЭФФИЦИЕНТІ

1991 жылғы 8,20-дан 2022 жылы 1000 адамға шаққанда 6,8 адамға дейін төмендеді.



ҚАЗАҚСТАНДА АЗАМАТТАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫ АРТЫП КЕЛЕДІ.

1991 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШПЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 2022 ЖЫЛЫ ОЛ 6,8 ЖЫЛҒА ӨСКЕН.



ОСЫЛАЙША, 2022 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫ **74,4 ЖАСТЫ ҚҰРАДЫ.**

1-бет




ТҰРАН ОЙПАТЫНЫҢ ТАМАША ОРДАСЫ

Сырдария өзенінің шығысынан батысына дейін он бойын кесіп өтетін Қызылорда облысының, әсіресе оның саяси-экономикалық және рухани ордасы – Қызылорда қаласының тарихы тереңде жатыр. Облыстың әкімшілік аумағы Тұран ойпатының ауқымды құмды-саздақ жазығында орналасқан. Облыс жерінің оңтүстігінде Қызылқұм шөлінің солтүстік бөлігі, солтүстігінде орталық Қазақстанның оңтүстік шетіндегі үштік-бор қыраты мен Қарақұм құмдары. Аймақтың ауқымды бөлігі – Сырдария өзенінің ескі атырауы. Академик В.Бартольдтің анықтамасы бойынша, «Тұран – Арал теңізінің бассейні».

Қызылорда қаласы – 1938 жылы құрылған облыстың әкімшілік, әлеуметтік-экономикалық, білім, ғылым және мәдени орталығы. Шаһар өзінің оңтайлы экономикалық географиялық орналасуымен ерекшеленеді. Қала Сырдария өзенінің төменгі ағысының оң жағалауында, шығыс бойлық пен солтүстік ендікте, Балтық теңізі деңгейінен 126-130 метр биіктікте орналасқан. Жер аумағы 3683 гектарды құрайтын мұнда 2019 жылғы халық санағы бойынша 241416 адам тұрады. Қызылорда қаласы, Тасбөгет, Белкөл кенттері, Қосшынырау, Қызылжарма, Талсуат, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма, Қарауылтөбе ауылдық округтері болып, 1 қала, 2 кент, 7 ауылдық округ әкімшілік-аумақтық бірліктен тұрады.

Қала негізі Қамысқала атты елді мекенде 1817 жылы салынған Қоқан хандығының Ақмешіт бекінісі ретінде қаланды. 1853 жылдың тамызынан генерал В.Перовскийдің атымен бекініс Перовск форты аталды. 1867 жылы қала мәртебесі беріліп, уезд орталығына айналды. 1901-1906 жылдары Орынбор-Ташкент теміржолының салынуына байланысты қала халқы тез қарқынмен өсті. 1917 жылы 30 қазанда (12 қараша) Кеңес өкіметі Қазақстанда бірінші болып Перовскіде орнады. 1922 жылы қаланың Ақмешіт аты қайтарылғанымен 1925 жылдың сәуірінде Қызылорда деп қайта өзгертіліп, Қазақ АКСР-нің астанасы мәртебесі берілді. Демек, қала тарихындағы оның саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік жағынан гүлденген кезі 1925-1929 жылдары Қазақстанның



комбинаты, астық өнімдері комбинаты, сүт зауыты, целлюлоза-картон зауыты, тоқылмайтын маталар фабрикасы іске қосылды. 1956 жылы қала іргесіндегі Тасбөгет кенті жанынан суббөгеті салынды. 1974 жылы «Қызылордакүрішмаш» зауыты іске қосылды. Көптеген оқу орындары мен мәдениет ошақтары ашылды. 1996 жылы 8 қазанда ҚР Президентінің Жарлығымен «Қызылорда арнайы экономикалық аймағы» (АЭА) құрылды. Оның бағдарламасы бойынша қалада жекешелендіру, акционерлендіру, инвестиция тарту секілді жұмыстар жүргізілді. Түрлі меншік иеліктері, шағын және орта бизнес кәсіпорындары мен мекемелері құрылды. Өнеркәсіп, сауда, байланыс қатынастары реттелді. Экономиканың жандануы мемлекет және қала бюджетіне түсетін қаржы сомасын арттырды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ТЫНЫС

Қызылорда қаласының тәуелсіздік жылдарындағы даму тарихы қазақ қоғамындағы үдерістерден бастау алды. 1993 жылғы басты оқиғалардың бірі мүліктерді мемлекет иелігінен алу мен жаппай жекешелендірудің басталуы болды. Еліміз бойынша 6000-нан астам нысан жекеге өтті. Экономиканы тұрақтандыру және нарыққа көшу жағдайында Қызылорда қаласында біршама жұмыстар жүргізілді. 1994

Өтпелі кезеңде де қала өмірінде көптеген оң өзгерістер орын алды.

Алдымен 9 жыл бойы салынып жатқан «Оңтүстік жылу орталығы» бір жылдың ішінде іске қосылды. Қаланың шағын аудандарында көпқабатты үйлер салу жұмыстары қарқынды жүрді. Экологиялық апат аймағындағы халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында облыстың өз күшімен күніне 1200 адам қабылдайтын ірі медициналық диагностикалық кеңес беру орталығы салынып, пайдалануға берілді. ТМД елдерінде теңдесі жоқ 660 орынға арналған кешенді аурухана құрылысының негізін қалауға қаржы көзі табылды.

1994-1996 жылдары Ұлы Жеңістің жарты ғасырлық мерекесінің құрметіне «Тағзым алаңы» салтанатты түрде ашылды. Шаһардың коммуналдық мәселелерін шешуге күш салынды.

Бұдан әрі тауар өндірушілердің әлемдік нарық жағдайына бейімделуіне жәрдемдесуге, басым бағыттағы өндірістің дамуы мен шетел капиталы енуінің жаңа үлгілерін іздестіруге, меншік қатынастарын жанартуға маңыз берілді. Білікті басшылар Қызылорда экономикалық аймағын құруға ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс қолдау тауып, 1997 жылы 27 маусымда ТМД елдері арасында бірінші болып Қызылорда арнайы экономикалық аймағының тұсау-кесер таныстырылымы өтті. Шараға 17 мемлекеттің Қазақстандағы елшілері,

ҚЫЗЫЛОРДА –

халыққа берері мол шара ретінде жаңаша сипатта өтуіне басымдық берілді.

2009 жылы қалада индустриальді-инновациялық даму стратегиясы шеңберінде жалпы құны 1207 млн теңге болатын 5 жоба іске қосылды. Республикалық және аймақтық индустриальділандыру картасына енгізу үшін 25 жоба ұсынылды. Бағдарлама аясында осы уақытта 8 инвестициялық жоба жүзеге асты. Облыс халқы үшін маңызды жаңалық – «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің құрылысының жүргізілуі еді.

Бұл жолдың 814 шақырымының Қызылорда облысының аумағынан өтуі аймақтың өсіп-өркендеуіне серпін берді.

Онан берідегі жылдарда тарихи қаланың жаңаша дамуына негіз болған бастамалар қолға алынды.

Қалада қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізілді. Қала басшылығы облыс орталығындағы апатты жағдайдағы үйлер мәселесін кезең-кезеңмен шешуді бастады. Сол уақытта тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына бөлінген қаржы



15 халықаралық ұйым өкілдері, республика министрліктері мен комитеттерінен арнайы өкілдер келді. Ерекше мәртебеге ие облыс орталығында кәсіпкерлікті өрістетуге мүмкіндік туып, бірқатар өндіріс орындары ашылды.

Арнайы экономикалық аймақ кезеңі Сыр бойына жаңа серпіліс әкелді. Ал 1999-2000 жылдар ел өмірінде саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени оқиғаларға толы жыл болды.

Қала өмірінің маңызды оқиғаларының бірі – «Қала күні» белгіленіп, қызылордалықтар тұнғыш рет қазан айында оны атап өтіп, мерекелік шеру ұйымдастырды.

Қалада жылу орталықтары, су және канализация басқармасы қаланың коммуналдық меншігіне өтті. «Жылу электр орталығы» АҚ банкроттыққа жіберіліп, орнына «Қызылордақуат орталығы» мемлекеттік кәсіпорны құрылды.

Қала бойынша негізгі сала – өнеркәсіп өнімінің көлемі жылдан-жылға өсуі байқалды. Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 2001 жылы 44,4 пайызға артты. Бұл жылдары қаладағы 30 өнеркәсіп кәсіпорындарының 25-і жұмыс жасаған. Қаланың ауыл шаруашылығы саласында ірілендіру, пайдаланылмай бос жатқан жерлерді тиімді игерудің нәтижесінде 6080 гектар жерге дақылдар егілді.

Экономикадағы тағы бір жетістік – «қара алтынды» қызылордалықтардың игере бастауы еді. 2000-2001 жылдары «Ай-дан» және «Қуат-Амлон-Мұнай» терминалдарының іске қосылуы облыс экономикасының дамуына, әлеуметтік саланың гүлденуіне зор үлес қосты.

2004-2007 жылдары Қызылорда қаласын сәулеттендіру бағытында айтарлықтай жұмыстар жүргізілді. Облыс орталығында халыққа қызмет ету орталығы, қаланың оңтүстік аймағында «Сәулет» шағын ауданында 50 пәтерлік 2 тұрғын үй салынды.

Қала мен кенттердің инфрақұрылымын түбегейлі жанартуға бірінші болып бетбұрыс жасалды. Жер асты суларын ел игілігіне пайдалануға және аймақты газдандыруды одан әрі жалғастыруға күш салынды.

2008 жылы энергетика саласын дамыту басым бағыт ретінде айқындалды. 2009 жыл Сыр өңірінде елеулі оқиғаларға толы болды. Қызылорда облысының 70, Қызылорда қаласының 190 жылдығын атап өтуге дайындық шаралары жан-жақты ұйымдастырылды. Бұл мерекенің

2,5 есеге артты. Жол инфрақұрылымындағы қаланың құрғатамыры, стратегиялық тұрғыдағы аса маңызды әуежайдан қалаға дейінгі аралық жол күрделі жөндеуден өтіп, жарықтандырылды. Орталық Жібек жолы көшесі 6 жолақтық болып қайта жаңғыртылды.

Әлеуметтік салада да жақсы жаңалықтар болды. Облыс орталығында «Мұз айдыны» іске қосылып, Бейбарыс сұлтан көшесінің бойынан әсем де сәулетті облыстық мекемелер үйі, Темірбек Жүргенов атындағы шығармашылық үйі, дарынды балалар мектебі пайдалануға берілді.

ШЫРАЙЫ АРТҚАН ШАҺАР

Бүгінде аймақ басшысының қолдауымен облыс орталығында бірқатар жобалар жүзеге асуда. Кейінгі кезеңдегі шаһар шырайының артуы мен көркеюі расында адам айтарлықтай өзгерді. Жасарып, жасанған өлкенің ажары күн сайын еселеніп келеді.

Қызылорда – тек облыс орталығы ғана емес, сондай-ақ, ғылым мен білімнің мекені, әдебиет пен мәдениеттің қайнаған ортасы, жеті ауданды бір жерге тоғыстырған құрғатамыр. Бүгінде алып құрылыс алаңына айналған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жаңа қалаға жұрт қызыға қарайды. Сырттан келген мейман шаһардың келбетіне, ондағы тынымсыз құрылысқа, әдемі ғимараттарға көз салары анық. Ілгеріде ілкімді істер оқта-текте ғана жасалатын шағын шаһарда қазір күн сайын өрісі кеңейген өрелі өзгерістерге куә болудамыз. Дария бойындағы дүйім елдің көз қуанышына айналған биік үйлер мен әсем ғимараттар сонау жерден менмұндап көрінеді.

Жаңа көпірден өткен бойда «Болашақ» университетінің зәулім ғимараты қаланың шырайын одан әрі арттырып тұр. Оған қарсы бетте орналасқан «Жастар» орталығының мұнтаздай әсем бейнесіне көзіңіз тояды. Сонымен бірге, жаңа көпқабатты үйлер мен әлеуметтік нысандардың құрылысы қарқынды жүруде. Сол жағалауда құны 36,4 млрд теңгені құрайтын бір ауысымда 100 келушіге арналған емханасы мен онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Құны 2,9 млрд теңгені құрайтын «Қан орталығының» құрылысы қарқынды жүргізілуде.



астанасы болған кезеңі еді. Республика астанасы болған жылдарында Қызылорда қаласында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, өнер иелері, әдебиет майталмандары қоныс теуіп, еліміздің мұрат-мүддесі жолында аянбай еңбек етіп, тер төтті. Қазақтың тұңғыш театры 1926 жылы 13 қантарда (М.Әуезов атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық театры) ашылды. Осы жылдары қала әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани салаларда өсіп, дамып, өркен жайды. Денсаулық сақтау, білім беру орындары көбейді. 1938 жылы облыс орталығына айналды. XX ғасырдың 30-жылдары қалада электр станция, дүірмен, наубайханалар, балық өңдеу, күріш, кірпіш зауыты жұмыс істеп тұрды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары аяқ киім фабрикасы, ет

жылдың I тоқсанында облыста тұрғын үй жекешелендіру купондары толығымен есептеліп, мемлекеттік тұрғын үй қорының 78 пайызы жекешелендірілді. 1993 жылы базалық салалардың өнім өндіру көлемі азайды.

Осындай қиыншылықтарға қарамастан, дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар мен әлеуметтік-экономикалық реформаны тереңдетудің бағдарламасын орындаудың жаңа жолдары қарастырылды. Нарықтық экономикаға өту негізінде жәрменкелер өткізу кең етек алды. Меншіктің көптүрлілігі, сауда-саттық, коммерцияның кең ашылуына қолайлы жағдай туғызды. 1993 жылдың жаз айында қалада 12 рет жәрменке өткізіліп, 10 млрд сомға жуық өнім мен тауар сатылған.



Биыл облыс орталығында құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Отбасы орталығы» бой көтерді.



СЫР ЖАҒАСЫНДАҒЫ СЕРПІНДІ ҚАЛА



Қала сәулетінің артуында көптеген азаматтардың дара қолтаңбасы жатыр. 1980 жылдан бері осы салада жұмыс істеп келе жатқан «Интегрострой» ЖШС директоры Бақдәулет Ысқақов шаһардың сол жағалауын өркендетуге үлес қосты.

– Біздің мекеме 1998 жылы бұрынғы облыстық «Агропромстрой» тресіне қарасты №1 ЖМК базасында құрылды. 1998-2012 жылдар аралығында облыс және аудандарда, Қызылорда қаласында көптеген құрылыс нысандарын салып, күрделі жөндеуден өткізіп, халық игілігіне пайдалануға беріп келеміз. Қала орталығындағы әсем ғимараттың бірі – Ә.Төжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананы, Бесарық ауылдық округіндегі әкімшілік ғимаратты, Айдарлы ауылындағы 150 орындық ауылдық клубты, Тасбөгет кентіндегі 140 орындық балабақшаны салдық. Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтеріп жатқан көрікті тұрғын үйлер де «Интегрострой» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылыстары екенін мақтаншып айтуда болады. Сол жағалаудағы және СПМК-70/4 тұрғын кварталындағы 40,50,60,70 пәтерлі тұрғын үйлер халық игілігіне берілді. Кез келген өсіп-өніп, кемеліне келген адамның кіндік қаны тамған туған жеріне тағзым жасап, оның көркейіп, өркендеуіне өз үлесін қосуы перзенттік парызы деп білемін. Өңірдің құрылыс саласын дамытып, қаланы сәулеттендіруге үлес қосқаным үшін бақыттымын, – дейді ол.

Тамыры терең, тарихы кенен, түркі өркенінің алтын бесігі саналатын қасиетті өлке Қызылорда облысының құрылғанына 85 жыл аясында атқарылған шаруа көп. Шаһардың дамуына жергілікті кәсіпкерлер, облыстан шыққан меценаттар белсенді араласып, қайырымдылық шараларына, Сыр елінің көркеюіне сүбелі үлес қосып отыр. Бүгінде аймағымызда демеушілікпен барлығы 31 млрд 700 млн теңгенің жобалары жүзеге асуда. Атап айтқанда, Болат Өтемұратовтың демеушілігімен 15 млрд теңгеге «Қорқыт ата» әуежайының жаңа терминалы салынууда. Терминал 2024 жылдың мамыр айында ел игілігіне табысталады. Қызылорда қаласында белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен 1,7 млрд теңгеге «Анаға тағзым» орталығы салынып, пайдалануға берілді. «Қазіргемұнай» ұлттық компаниясымен келісім нәтижесінде 2,3 млрд теңгеге заманауи үлгідегі «Оқушыларсарайының» құрылысы басталды. Бұдан бөлек, жерлесіміз, меценат Асқар Әубәкіровтің демеушілігімен 1 млрд теңгеге орталық алаң абаттандырылуда.

Сондай-ақ, демеушілердің қолдауымен 1 млрд 100 млн теңгеге қала орталығындағы 50 үйдің қасбеттері заманауи панельдермен қапталып, шаһар шырайы артты. Дәл осы секілді демеушілер 1 млрд теңгеге 20 көпқабатты тұрғын үйдің ауаларын абаттандырды. Биыл



қалада құны 1,6 млрд теңгені құрайтын «Отбасы орталығы» бой көтерді. Сонымен бірге 3,7 млрд теңгеге болатын мың орындық «Өнер орталығы» ел игілігіне берілмек. Оған қоса құны 975 млн теңгені құрайтын заманауи үлгідегі жаңа автовокзал құрылысы да салынууда. Бұл нысан жыл соңында пайдалануға беріледі.

Қызылорда облысы әкімдігінің жеті қабатты еңселі ғимараты – қаладағы ең көрікті нысандардың бірі. Биылға дейін әкімдіктің биік қоршауы болған еді. Аймақ басшысының тапсырмасымен ғимаратты «Ашық Үкімет» қағидасына сәйкестендіру үшін айналасындағы қоршау алынды. Бүгінде әкімдік алды қала тұрғындары серуен құратын, балалар асыр салып ойнайтын аллеяға айналды.

Қазір Тәуелсіздік және Н.Назарбаев даңғылдары арасындағы аумақ – абақтандырылған, түнгі жарығы төгілген, демалысқа қолайлы жағдай жасалған орын. Бірнеше субұрқак, орындықтар орнатылған. Көше 6 жолақты болып кеңейтілді, Назарбаев зияткерлік мектебі, Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицей секілді әлеуметтік нысандардың алдына автотұрақтар салынды.



Қызылжарма, Ақсуат, Қарауылтөбе, Қосшыңырау, Талсуат, Қызылөзек ауылдық округтерінің 36,4 шақырым болатын 46 көшесін орташа жөндеуге облыстық бюджеттен 992,8 млн теңге қаралды.

Сонымен қатар, Ұлттық қордан Қызылжарма, Қарауылтөбе, Қосшыңырау, Қызылөзек, Ақсуат, Ақжарма, Талсуат ауылдық округтерінің көшелерін жарықтандыруға 639,1 млн, жаяу жүргінші жолдарын салуға 531,7 млн, жол салуға 1 061,3 млн теңге бөлінген.

Қызылорда қаласы, Баймұрат ауылында дәрігерлік амбулатория салуға Ұлттық қордан 128,1 млн теңге, Досан елді мекеніндегі медициналық пункт құрылысына 106,8 млн теңге берілді. Жоба аясында Талсуат ауылдық округіндегі 150 орындық ауыл клубының құрылысын аяқтауға 128,3 млн теңге және Қарауылтөбе ауылдық округіндегі 150 орындық ауыл клубының құрылысын аяқтауға 82,9 млн теңге қаржы қаралып, пайдалануға берілді.

Бұдан бөлек, биыл Ақсуат ауылдық округі «Көгілдіротынға» қосылды. Игілікті іс жалғасын тауып, қазір Қосшыңырау ауылдық округінің Абай, Досан елді мекендеріне газ құбыры тартылуда. Бұл жобаға республикалық және облыстық бюджеттен 662,7 млн теңге бөлініп, жұмыстар жыл соңына дейін аяқталады.

Қала бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны – 36 871, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 34 018, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 14,3% артты. «Өнеркәсіптік-инновациялық жобалардың бірыңғай индустрияландыру» картасы аясында жалпы құны 68,4 млрд теңгені құрайтын 13 жоба жүзеге асырылуда, оның бүгінгі күнге 4-үй іске қосылып, жұмыс жасауда.

Жыл басынан бері жалпы сомасы 15 362,5 млн теңгені құрайтын 853 жоба қаржылай қолдау тауып, 1253 жаңа жұмыс орны құрылды. Оның ішінде «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы» аясында субсидиялау бағыты бойынша 8222,5 млн теңгенің 275 жобасына қаражат берілді.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы ЖШС арқылы өз қаражаты есебінен 621,5 млн теңгенің 71 жобасы қаржыландырылды. «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ арқылы «Жастарға арналған несиесі» (2,5%) бойынша 128,8 млн теңгенің 29 жобасы, «Аграрлық несиесі корпорациясы» АҚ микрокредиттері бойынша 790,5 млн тең-

“ Қызылорда қаласында белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен 1,7 млрд теңгеге «Анаға тағзым» орталығы салынып, пайдалануға берілді.

ТІРЕКТІ САЛАЛАРДАҒЫ ТОЛЫМДЫ ІСТЕР

Қаланың өнеркәсіп кәсіпорындары биыл қаңтар-қазан айларында 533 034,4 млн теңгенің өнеркәсіп тауарларын өндірді. Өнім көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 91,3 пайыз. Кен өндіру өнеркәсібінде 417 203,6 млн теңгенің өнімі өндіріліп, 89,5 пайызды көрсетті. Бұл – жалпы өнеркәсіп өнімінің 78,3 пайызы. Есепті мерзімде 2793,4 мың тонна мұнай өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда 90,1 пайыз болды. Табиғи газ өндіру 359,8 млн текше метр, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 101,8 пайызға жетті.



“ Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 392 529 шаршы метр, өткен жылмен салыстырғанда 123,1 пайызды құрады.

генің 45 жоба қолдау алды. «Шағын және орта бизнес кредиттері бойынша ішінара кепілдендіру» арқылы 5 337,4 млн теңгені құрайтын 243 жоба қаржыландырылды.

Қызылорда – киелі топырағынан талай тұлғаны түлеткен Тұран өлкесінің тағлымды тарихында көптеген игі істердің қазығы қағылып, бүгінде қанатын кең жайған әсем қалаға айналды. Жерінің асты да, үсті де байлыққа толы.

Сыр өлкесі – қазақ халқының байырғы қонысы. Бүгінгі жаңарған бейнесі өскелең өмірін көрсетеді. Облыстың шежірелі 85 жылдық тарихында өткен мен бүгіннің арасындағы алшақты жақындатуға тырыстық, шежіресін шерттік. Бұл – біздің қала!



ИСАТАЙ ӘБДІКӘРІМОВ – 100

1973 жылдың күз айында Қармақшы аудандық партия комитетінің есеп беру-сайлау конференциясы жүріп жатты. Конференцияға облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Исатай Әбдікәрімов қатысып отырды. Ол кезде Қармақшы аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы едім. Делегат ретінде конференцияға қатысып, басқару столында отырдым. Үзілісте Қармақшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ахметжан Жанпейсов шақырып, Исатай Әбдікәрімовтің қасына ертіп келді. «Исеке, мына жас жігітті қазір аудандық партия комитетінің бюро құрамына ұсынып отырмыз. Келешек аудан жастарының бірінші басшысы болады деген сенім бар» деді.



Фото: Болат Омарғалиев

ІС АҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТ

Ол кезде ауданның қайсыбір мекеме, мектеп, комсомол қызметкерлері облыстық партия комитетінің сараптауынан өтіп, келісімін алмай бекімейтін. Облыстық партия комитетінің бөлімдерінен бастап, оның хатшыларының алдынан өту міндетті болатын. Соған қарамастан Ақаң сол жерде Исекеңнен мен туралы бірден келісім алғаны әлі есімнен кетпейді. Сонда Исекең: «Бюро сенім артса, ауданның бірінші басшысы сенетін болса, бізден қарсылық болмайды» деді. Конференцияда аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы бола жүріп (аудандық партия комитеті бюросы құрамында ол уақытта тек аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болуы міндетті әрі тек сол қызметтегілер ғана сайланатын) бюро мүшесі болып сайландым. Міне, бұл көреген, жастарға сене білетін Исатай ағамыздың биік адами болмысы дер едім.

Ол кезде жаспыз. Аудандық облыстық партия комитетінің бірінші басшыларының алдына бармақ түгілі, кездескенде қолын алып амандасудың өзін үлкен дәреже, бақыт санайтынбыз. Аудандық есеп беру-сайлау партия конференциясында Қармақшы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Рысты Жолмағамбетқызы Тілеуғаболова аудандық партия комитетінің хатшылығын атқаруына сайланды. Сол жылдың желтоқсан айының басына таман Қармақшы аудандық комсомол комитетінің пленумы шақырылып, онда ұйымдастыру мәселесі қаралды. Р.Тілеуғаболова Қармақшы аудандық партия комитетінің хатшылығын атқаруына байланысты комсомолдың бірінші хатшысы болып сайланған едім. Ол үшін Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің, Қазақстан ЛКСМ Орталық комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Закаш Камалидиновтің жеке қабылдауынан, бөлімдері мен хатшыларының алдынан өтуім керек болатын. Желтоқсанның аяғына таман облыстық комсомол комитетінің есеп беру-сайлау конференциясы шақырылып уақыты белгіленген. Соған делегат ретінде қатысып отырдым. Конференцияда И.Әбдікәрімов, З.Камалидинов болды. Үзіліс кезінде Исатай ағай З.Камалидиновке Қармақшы ауданында өткен партия конференциясына өзінің қатысқанын, бюроның сенімі болғанын жеткізіп

баяндаған еді, жарықтық. Сонымен не керек, Исекеңнің беделі арқасында жұмысымды сәтті жалғастырып кеттім. Адамилықты, кішіпейілділікті, кейінгі жастарға деген зор сенім мен олардың келешегіне деген құрметті Исекеңнен көрген едім.

Исатай Әбдікәрімов 1923 жылы Жаңақорған ауданында туған. Ол 1940 жылы Шымкенттегі ауыл шаруашылығы техникумын бітірісімен, Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарынан Қызыл

тінің бірінші хатшысы болып сайланды. Көп ұзамай облыстық партия комитетінің аппаратына қызметке алынды. 1952 жылы Қызылорда облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін облыстық кеңесі атқару комитетінің хатшысы болды.

Исекеңнің өмірдегі соғыстан оралғандардан кейін Қармақшы аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болғаны жазылды. Мұны сол уақытта аудандық атқару комитеті төрағасының

мұндай құрметті екінің бірі көре алған жоқ. Осыған ризашылық білдіріп, шүкіршілік жасаңыз. Мына ұлан-асыр той, еңбегіңіздің өте жоғары бағалануы және өзінің абыройлы еңбек еткен жеріңізде өткізілуі, қазір көзі тірі Қызылорда облысы обкомының бұрынғы бюро мүшелерінің бірі қалмай келіп, сізді құттықтауыңыз өзі – осы мерекені ұйымдастырушылардың іскерлігі» деп ағынан жарылып, ризашылығын білдіріп, тебірене сөйлеп еді.

Ол 1955-1972 жылдары Шиелі, Қармақшы, Жалағаш аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшысы, 1972-1979 жылдары Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесі Президиумының төрағасы болып лауазымды қызметтер атқарды. Майдандағы ерлігі, соғыстан кейінгі жылдардағы ерен еңбегі Үкімет тарапынан лайықты бағаланды. Социалистік Еңбек Ері, бірнеше рет Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутатты, көптеген орден-медалдардың иегері атанды. Қызылорда агроколледжі, Жаңақорған ауданында мектеп, көшелер қайраткер тұлғаның есімімен аталады.

Исекең кішіпейіл, жүрегі жұмсақ, көреген жан еді, ең бастысы, Одақтық дәрежедегі қызметтерде жүргенімен болдым-толдым деп асып-тасқан жоқ. Бар өмірін туған жеріне, еліне, халқына арнаған оның қарапайымдылығын, кішіпейілдігін, бауырмалдығын көп адамға ұқсатпа алмайсың.

Жұмыс жүрген жерде кемшіліктің де болатыны – жазылмаған заңдылық. Ол – Ахметжан Жанпейсов Қармақшы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Нұржігіт Нақыпов ағамыз аудандық тұтынушылар одағының төрағасы болып жұмыс жасаған уақыт. Аудан орталығынан тұтынушылар қоғамы есебінен орталық универмаг, орталық мейрамхана, бірнеше жерден сауда орталықтары ашылып және елді мекендерде сол жұмыстар жалғасын тауып жатқан. Бір сауда нүктесінен кооперация заты кем болды деген желеумен бюрода Нұржігіт ағамыздың мәселесі қаралып қатал шешім қабылданған болатын. Бұл шешіммен облыстық партия комитетінің бюросы келіспей, облыстық партия комитетінің кезекті бюросында Қармақшы аудандық партия комитеті

Исатай Әбдікәрімов 1923 жылы Жаңақорған ауданында туған. Ол 1940 жылы Шымкенттегі ауыл шаруашылығы техникумын бітірісімен, Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарынан Қызыл Армия қатарында майдан тағдыры шешілер ұрыстарда неміс фашистеріне қарсы батыл күресті. 1943 жылы Дендра өзенінің жағасындағы қырғын шайқаста ауыр жарақат алып, дала госпиталіне түсіп тылға жөнелтілді. Көп кешікпей Жаңақорғандағы «Өзгент» ауылына «Исатай Әбдікәрімов ерлікпен қаза тапты» деген хат келеді. Ол бірі сау, екіншісі мүгедек, үшіншісі «Ерлікпен қаза тапты» деп қара қағаз жіберілген кейбір солдаттардың соғыстан қайтқан, тағдыр жазып, аман-есен оралғандарының күйзелген шаруашылыққа араласып кеткен кезең еді.

Армия қатарында майдан тағдыры шешілер ұрыстарда неміс фашистеріне қарсы батыл күресті. 1943 жылы Дендра өзенінің жағасындағы қырғын шайқаста ауыр жарақат алып, дала госпиталіне түсіп тылға жөнелтілді. Көп кешікпей Жаңақорғандағы «Өзгент» ауылына «Исатай Әбдікәрімов ерлікпен қаза тапты» деп хат келеді. Ол бірі сау, екіншісі мүгедек, үшіншісі «Ерлікпен қаза тапты» деп қара қағаз жіберілген кейбір солдаттардың соғыстан қайтқан, тағдыр жазып, аман-есен оралғандарының күйзелген шаруашылыққа араласып кеткен кезең еді.

Исатай Әбдікәрімов әке-шешесімен, туған-туысқандарымен қауышқаннан кейін Жаңақорған аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы, одан кейін Қармақшы аудандық комсомол комите-

орынбасары болған Ұлы Отан соғысы ардагері, партизан, қармақшылық Ернарз Сексенбаевтан естіген едім. Қызмет ауыстырып Қармақшыдан көшкер кезде (ол кезде не дүние болсын) бір көне алаша, төсейтін киіз беріп, шығарып салғанын айтып еді, Ерекең жарықтық.

Содан елу бес жылдай уақыт өткенде Чапаев колхозын жиырма жыл басқарған Ернарз Сексенбаевтың 80 жылдығын сол колхозда (қазіргі Ақтөбе ауылында) төраға болған уақытта атап өтудің сәті түсті. Сол жылды «Ернарз Сексенбаев жылы» деп жариялап, оған бірге еңбек еткен Сыр өңірінің ардагерлері шақырылды. Жиында Исатай ағамыз трибунаға шығып, «Ереке, сізге арнап «Ернарз жылы» жариялап, ат бөйгесін ұйымдастырып, бүкіл Сыр бойы ардагерлерін шақырған

бюросы құрамы түгел келіп, осы мәселеге байланысты есеп беру қажет деп тауып, мәселе күрделене түскен. Сол бюроны бірінші хатшы Исатай Әбдікәрімов басқарып отырды. Талқылауда өте қатал шара көруді сұраған облыстық партия комитетінің бюро мүшелерінің пікірлері көп болды. Сөз кезегі Нұржігіт Нақыповқа жеткенде, жіберілген кемшіліктерді толық мойындайтынын, қандай шара көрілсе де дұрыс қабылдайтынын айтты. Ел басына қауіп төніп, Отан қорғау үшін 17 жасында соғысқа алынып, 18 жасында окопта коммунистік партия қатарына қабылданған кісі ғой. Аман-есен елге оралып, партбилетіне ешқандай дақ түсірмей, адал қызмет жасаған. «Егер мүмкіндік болса, окопта алған партия билетім өзімде қалса, қызмет мәселесі, басқа жағдайларға тәуекел» деп тебірене сөйледі. Қатысып отырған бюро мүшелері де, оны басқарып отырған Исекең де ойланып, үзіліс жарияланды. Не керек, Нұркенен есеп карточкасына жазылған қатан сөгіс беру және қызметін әрі қарай жалғастыру жөнінде шешім қабылдағанда, басқаны қайдам, өз басым Исекеңнің тектілігі мен іскерлігі деп қабылдаған едім.

Өмір заңы өктем, қағидасы қатал, қаһары қатты. Тал бесікте тербелген адам баласы ақыр аяғында жер бесікте жататындығы айдан ақиқат нәрсе. Елінің, ағадан алғысы, жылы лебздеріне Исекең білім-білігі, қабілет-қарымы, тұымдылығы, қайрат-жігері, табандылығы, іскерлігі мен талапшылығы, маңдай терін моншақтата төгіп, уақытпен санаспай еткен еңбегінің арқасында жетті.

Қорқыт баба тыныстаған, жүз шайырдың отаны атанған «Ақтайлақ кезеңде» өмірге келген Қазақ КСР-нің бірінші прокуроры, Қазақ КСР Халық комиссарының бірінші орынбасары болған, «халық жауы» атанып, жазықсыз атылған Сүлеймен Ескараевтың бел баласы Марат Ескараев 1980 жылдың тамыз айында қасына Исатай Әбдікәрімовті ертіп, әкесінің туған жерінде болды. Қазіргі Тұрмағамбет ауылында тұратын туған-туыстарымен арқа-жарқа болып, бір жасап қалғанын көзіміз көрді. «Халық жауының» балалары қайсар болып өскен емес пе? Қаншама жыл бір салада еңбек еткенін, өз жұмысын комсомолдың екінші хатшылығынан бастап, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағасы кезінде талай мәрте әділдік үшін күрескенін екеуара әңгімеден-ақ байқап отырдық.

Күнделікті тірлікте азаматтардың атқарған істерін көп аңғара бермейтіміз – өмірдің өз шындығы. Көбіне ішкі істер органдары қол қойып берген төлқұжатты азаматтық деген түсініктен арыла алмай жүргендер арамызда әлі де бары жасырын емес. Ал шындығына келгенде, нағыз азаматтар – өз халқының қамын қаның қолы да, ары да таза, адал жандар. Исатай Әбдікәрімов пен Марат Ескараев есімдерін тарих, ел-халық ұмытпайды. Тұрмағамбет ауылындағы Камал Дәуітов ағамыздың үйіндегі басқосуға сол кездегі көзі тірі З.Дәулетбаев, Б.Зәріпов, Ж.Дәуітов бастаған туыс-туған, көнекөз ақсақалдар қатысқан еді. М.Ескараев 2013 жылы 84 жасында дүниеден озды.

Биыл Исекеңнің туғанына 100 жыл толды. Қармақшылықтар оның өте кішіпейіл, халықшыл, ешкімді бөле-жармайтын қарапайымдығын жыр қылып айтып отырады.

– Көп адам дүниеге бой алдырған, бой алдырған, аяғын көп шалдырған. Әділ деуге сия ма, ойлаңдаршы, Әлмейтұғын артына сөз қалдырған, – деп ұлы Абай айтқандай еді ағасы, мемлекет және қоғам қайраткері, Социалистік Еңбек Ері, «Ғасыр адамы» атанған, парасатты қасиеттерінен ел есінде сақталған текті тұлғаның туған жеріне қалтқысыз қызметті, өмір жолы ұрпақтан-ұрпаққа өнеге болмақ.

Нұртілеу САЛЫКОВ,
Қармақшы ауданының
Құрметті азаматы,
Еңбек ардагері

ЖАҚСЫНЫҢ ІСІ МӘНГІ ЖАСАЙДЫ

Күн өткен сайын асыл да ардақты ініміздің жарқын бейнесі алыстап бара жатқандай сезіледі де тұрады. Сол баяғы маңдайы кереқарыс жымияған қалпы «Ау, ағайын! Мені ұмытқан жоқсыңдар ма?!» дегендей жылыұшырай қараған жанары жүректі осып өткендей. Біртүрлі тұла бойың мұздап қоя береді. Аман нешік зымыраған уақыттың дегеніне көніп, тіршіліктің көшіне ілесіп кете барасың. Сол жүйрік уақыттың қас-қағым сәтте бір жылға ұласқанын да байқамай қалыппыз. Ажалға қимас ініміздің жылдық асын халық, туған-туыс, дос-жаран, құда-жекжат қабырғамыз қайыса жүріп атқардық.



күріш ақтайтын диірмен ашып, халыққа қызмет етті. Теренөзек кенті орталығынан 80 орындқ монша салып, ауласын көркейттіп, жасыл желек жамылған көлеңкелі жайларда тұрғындар тынығып отырса деп армандайтын. Басқа өңірдегідей екі-үш көшеге шиеші, өрік, алма ағаштарын өсірсем, немерелер соның жемісін жеп жүргенін көрсем дейтін. Арманы асқак азамат еді, амал қанша оған жете алмай кетті.

Мақсат-мұраты биік Расул Есенов ініміздің ел үшін сіңірген еңбегі зая кеткен жоқ. Аудандық және облыстық мәслихат депутаты болды, «Сырдария ауданының құрметті азаматы» атағын иеленді. Талай мақтау-марапаттардың несі атанды. Ауданның қоғамдық мәдени-спорттық шараларына белсене қатысып, демеушілік жасады.

Ардақты ініміз тірі болғанда 17 қазанда ердің жасы – елуге толар еді. Неткен орын толмас өкініш? Өзегі өртеніп, көкірегі қарса айырылған анасы Бақыт және әкесі Әбуғали ағамыз, ұл-қыздары қалды. Алла тағала осы кісілерге өмір берсін деп тілейміз. «Жақсының жасқалығын айт, нұры тасысын» дейді ғой халық. Сондай-ақ «Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын оның ісі» деген нақыл сөз бар қазақта. Ел үшін, туған жер үшін аянбай еңбек еткен ердің есімі мәңгі ұмытылмайды.

Мейрамбек Ш.ДЕБАЙҰЛЫ,
Теренөзек кенті

Кезінде ініміздің жаназасында екі иығы селкілдеп үнсіз ғана іштей егіліп, езіліп жылап тұрған еңгезердей жігіт ағылап байқағанмын. Сол кезде онымен сөйлесудің сәті түспеп еді. Алла тағаланың құдіреті, жылдық аста екеуіміз табактас болдық. «Алланың нұры жаусын, інімізге. Кезінде қысылғанда көп көмек беріп еді. Өте жақсы болды-ау. Көкірегімде сайрап жатқан сол бір сырды ақтаратын жан таппай жүр едім. Бір реті келгенде әңгімелесейік» деп мекен-жайын берді.

Қалада тұрады екен. Данғарадай зәулім үй, жан-жағы жасыл желек, қызыл-жасылды гүлдер. Шаруаға бейім екені байқалып тұр.

– Жағдайымды көріп тұрсыз, ағасы. Шүкір, ел қатарлы өмір сүріп жатырмыз. Құдай берген ұл-қыздарды өсіріп, тәрбиелеп дегендей. Ал енді тұрмысымын осыншалықты түзеліп, жақсарып кетуіне сіздің әрі менің де інім, марқұм Расул Есеновтің еңбегі зор, – деді ол. – Мен де кезінде көсіп бастап, тіршілігім енді онала бергенде әлдеқалай аяқтарға тап болып, тақырға отырдым. Жалғыз ғана жүк таситын автокөлігім қалды. Дүниенің барында уақытша достар көп болады екен. Қалай шаруам шатқаяқтады, сол-ақ дос дегеннің бәрі зым-зия жоғалды. Балалар жас, жұбайым жұмысқа шыға алмай үйде отырып қалды. Бар

ауыртпалық бір өзіме түсті. Мені қинағаны алыс сапарларға жүк тасымалдау үшін жанар-жағармайдың жеткіліксіздігі еді. Ол кезде бұл мәселе тіпті ұшығып тұрған. Сонымен не керек, ескі тамыр-таным жағалап, туу Қармақшыға сапарға шыққанмын. Жол-жөнекей Теренөзекке соғып, автокөлікке май құю сәтінде осы Расул ініммен таныстық. «Оу, ағасы «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деген емес пе, қазақ атамыз. Осы жерден-ақ керегіңізді алып тұрыңыз. Асықпай сәті түскенде ақшасын ауадарарсыз» деді.

Қатты қуанып кеттім. Өмірде бір-ақ рет көрген кісіге соншалықты жомарттық, мәрттік таңыт-

қан қандай мейірімді жан деп қайран қалдым. Содан соң шаруам дөңгеленіп, екеуіміз ағалы-інілі дос болып кеттік. Жаратқан нем оның отбасына, ата-анасына, балаларына амандық бергей деп тілеймін, – деді.

Із, табиғатынан ақкөңіл, елгезек, қарапайым, мәрт мінезді ініміз, бизнесмен Расул Есеновтің шарапатын, қолдау-қамқорлығын көрген кісілер жайында айтып тауыса алмайсың. Кезінде тікұшақ апатына ұшырап ауруханада жатқанымда маған да қаржылай көмек берген. Бір құрдалым ақша іздеп тарығып жүргенде дұрыс танымаса да, аты-жөнін толық білмесе де, Расул ініміздің

қолақпандай етіп 500 мың теңгені бере салғанын жыр етіп айтып еді. Неткен жайсандық, атымтай жомарттық десеңізші?! «Кешіктіріп болса да қарыз ақшамды қайтардым-ау. Бірақ осындай абзал азаматтың небәрі 49 жасында өмірден боз кешкені сай-сүйегімді сырқыратты» деген еді.

Бизнес саласының қыр-сырын менгерген Расул Әбуғалиұлы Есенов сонау қиын-қыстау кезеңде «Үлгесбят» мекемесін құрып елді мекендер мен мекемелерді, тұрғындарды көмірмен қамтамасыз етті. Аудан орталығынан базар, дүкендер, тұрғын үйлер салып, ел игілігіне берді. Кейінірек мал бордаққыла кешенін, сонымен қатар

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ПАРЫЗЫ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 13-бабында мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулер көзделген. Атап айтсақ, мемлекеттік қызметші өкілді органның депутаты болуға, педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа да ақы төленетін, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы емес.

Мемлекеттік қызметші лауазымға кірген күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде заңды түрде тиесілі ақша мен жалдауға берілген мүлкіт қоспағанда, өз міншігіндегі коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді, акцияларды (акцияны) және кіріс әкелетін өзге де мүлкіт мемлекеттік қызметті өткеру уақытында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге міндетті. Мүлкіт сенімгерлік басқару шарты нотариатқа куәландырылады. Көшірмесі нотариат басқару шарты жасалған күннен бастап он күн мерзімде жұмыс орнындағы персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облысы бойынша департаменті аталған бағыт бойынша жергілікті атқарушы, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері мемлекеттік қызметшілерінің тиесілі мүлкітінің сенімгерлік басқаруға берілуіне, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысуына талдау жүргізді.

Талдау жұмыстары барысында жаңадан қабылданған мемлекеттік қызметшілердің коммерциялық ұйымдарда жарғылық капиталының үлестері, акциялары және пайлары, дара кәсіпкер ретінде тіркелген-тіркелмегені туралы облысы бойынша «Азаматтарға арналған» Үкімет мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ-нан және облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінен тиісті ақпараттар сұрастырылды.

Нәтижесінде 4 қызметшінің шектеулерді сақтамағаны анықталды. Оның ішінде, коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталындағы үлестерді сенімгерлік басқаруға бермегендер – 3 (үшеуі де – құрылтайшы. 2022 жылы – 2, 2023 жылы – 1) дара кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны – 1.

Заңның 61-бабы 1-тармағы 9-тармақшасына сәйкес өзіне заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ жалдауға берілген мүлкіт қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың жарғылық



Фотосурет: Шығармашылық

капиталындағы меншік құқығымен тиесілі үлестерді, акцияларды (акцияны) және кіріс әкелетін өзге де мүлкіт сенімгерлік басқаруға бермеуі мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің мемлекеттік қызметті тоқтатуына негіз болады.

Дегенмен, жоғарыда көрсетілген тұлғалар қандай да бір табыс таппағаны және олардың сенімгерлік басқаруға беретін мүлкітінің жоқтығы анықталды.

Анықталған деректерге сәйкес тиісті шара қабылдау жөнінде мемлекеттік орган басшыларына ұсыныс жолданды. Жалпы талдау нәтижесінде 1 қызметшінің жұмыстан босатылуына байланысты жаза қолдану мүмкіндігі болмаса, Қазалы

ауданының мәдениет және спорт бөлімі басшысының бұйрығымен О.Ж.-ке сөгіс, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті әкімінің өкімімен С.С.-ке сөгіс, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының бұйрығымен Ә.Е.-ға ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Мемлекеттік қызметке түскен адам осы шектеулерді жадында ұстағаны абзал.

Талғат НҰРТАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ МҮЛКІ САЛЫҒЫН ЕСЕПТЕУ, ТӨЛЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің (Салық кодексі) 528-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында:

1) өздеріне меншік құқығында тиесілі тұрғынжайлар, ғимараттар, саяжай құрылыстары, гараждар, орынұтрақ орындары және өзге де құрылыстар, құрылысжайлар, үй-жайлар;

2) жеке тұлғаларға меншік құқығында тиесілі жер учаскелері жеке тұлғаларға мүлік салығын салу объектісі болып табылады.

Салық кодексінің 529-бабына сәйкес «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы есепті жылдан кейінгі әрбір жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша айқындалатын салық салу объектілерінің құны жеке тұлғалар үшін тұрғынжайлар, саяжай құрылыстары бойынша салықтық база болып табылады.

Салық кодексінің 532-бабына сәйкес жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша салықты есептеуді салық органдары салық төлеушінің тұрғылықты жеріне қарамастан, салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша есепті салықты кезеңнен кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей есепті салықты кезеңнен кейінгі жылдың 1 қаңтарына дейін құқықтары тіркелген жеке тұлғалардың салық салу объектілері бойынша меншік құқығында иеленудің іс жүзіндегі мерзімін ескере отырып, салықтық

базаға тиісті салық мөлшерлемесін қолдану арқылы жүргізеді.

Егер салықтық кезең ішінде салық салу объектісі меншік құқығында он екі айдан аз болса, осындай объектілер бойынша төлеуге жататын мүлік салығы осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалған салық сомасын он екіге бөлу және салық салу объектісінің меншік құқығында болуының іс жүзіндегі кезеңі айларының санына көбейту арқылы есептеледі.

Бұл ретте объектінің меншік құқығында болуының іс жүзіндегі кезеңі салықтық кезеңнің басынан бастап (егер объект осындай күнге меншік құқығында болса) немесе объектіге меншік құқығы туындаған айдың 1-күнінен бастап осындай объектіге меншік құқығы берілген айдың 1-күніне дейін немесе салықтық кезеңнің соңына дейін (егер объект осындай күнге меншік құқығында болса) айқындалады.

Бірнеше жеке тұлғаның ортақ үлестік меншігіндегі салық салу объектісі үшін салық олардың осы мүлкітегі үлесіне пропорционалды есептеледі.

Бюджетке салық төлеу салық салу объектілерінің орналасқан жері бойынша есепті салықты кезеңнен кейінгі жылдың 1 қазанынан кешіктірмей жүргізіледі. Есептелген салықтар мерзімінде төленбеген жағдайда, Салық кодексінің 117-бабына сәйкес мерзімі өткен әрбір күні үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық

Банкінің мерзімі өткен әрбір күнге базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде өсімді есептеледі.

Сонымен қатар, Салық кодексінің 114-бабына сәйкес жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарлама қалыптастырылып, жеке тұлғаға жолданады. Хабарлама жеке тұлғаға табыс алған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде орындалуы тиіс.

Салық кодексінің 128-бабына сәйкес жеке тұлғалардың салықтық берешегі туралы хабарлама табыс етілген күннен бастап отыз жұмыс күні өткен соң төлемеген немесе толық төлемеген жағдайларда, салық органы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша жеке тұлғаның берешегін өндіріп алу туралы салық бұйрығын шығарады (бұдан әрі – салық бұйрығы) және оны шығарған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жеке тұлғаға жібереді.

Жеке тұлға салықтық берешекті өтемеген кезде салық органы осы Кодекстің 115-бабының 1-тармағында белгіленген тәртіппен жеке тұлғаға табыс етуге жататын салық бұйрығы табыс етілген күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, осындай салық бұйрығын Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен мажбүрлеп орындау үшін аумақтық бойынша тиісті әділет орган-

дарына не жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жібереді.

Әрі қарай, жеке сот орындаушылары тарапынан ҚР Атқарушылық іс жүргізу сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында айқындалған тәртіппен мажбүрлеп орындату шараларын, яғни жеке тұлғаның банктік есеп-шоттарын бұғаттау, жылжытып және жылжымайтын мүліктерін тәркілеу, шет елге шығуына тыйым салу және т.б. жұмыстар атқарылып, өндірісіндегі соманың 25 пайызы мөлшерінде үстемасы ұстап қалу жұмыстары атқарылады.

Осындай келеңсіз жағдайлар орын алмас үшін, меншіктеріңізге тіркелген тұрғынжайлар, ғимараттар, саяжай құрылыстары, гараждар, орынұтрақ орындары және өзге де құрылыстар, құрылысжайлар, үй-жайлар, жер учаскелері бойынша есептелген салықтарыңызды уақытылы төлеуіңізді керектігін ескерте отырып, қалыптасқан берешек сомаларыңыз бойынша толық мөлдіметті Call-центр 1414 арқылы немесе 8-7242/40-04-70 ішкі номері 4207, 4211 арқылы байланысуға болатындығын хабарлайды.

А.ЖУСУПОВ,
Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары

Ауыл шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтардың жер үлесшілерінің назарына хабарлама

Жер үлестерінен құралған шаруашылықтардың (серіктестіктер, шаруа қожалықтары) қызметі және оның үлесшілерінің арасындағы құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік және Жер кодексі, «Жауапкершілік шектеулі және қосымша жауапкершілік бар серіктестіктер туралы» заңы және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

Қолданыстағы заңнамаларға сәйкес шаруашылықтың қызметін жүргізу мәселелері бойынша шешімдерді оның қатысушылары қабылдайды. Ол үшін шаруашылықтың атқару органы (директоры) күн тәртібіне мәселелерді белгілеп, қатысушылардың жалпы жиналысын шақырады.

Заңнамаларға сәйкес шаруашылықтың жалпы жиналысын ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін негізгі нормалар:

1-қадам		
1.	Үлескерлердің жиналысын ұйымдастыру. Қатысушылардың жалпы жиналысын атқарушы орган (төраға) немесе тұлға (тұлғалар) жүзеге асырады.	Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы (ҚР 22.04.1998 ж. №220-І Заңы), 45-бабының 2-тармағының 2-бабы
2.	Егер байқаушы кенестің, тексеру комиссиясының (тексерушінің) немесе серіктестікке қатысушылардың талап етуіне қарамастан атқарушы орган кезектен тыс жалпы жиналысты шақырмаса, оны серіктестіктің байқаушы кеңесі, тексеру комиссиясы (тексеруші) немесе жинитығында жалпы дауыс санының он және одан астам пайызын иеленетін серіктестікке қатысушылар дербес шақыра алады.	
2-қадам		
1.	Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыстың ашылу күніне дейін отыз күннен кешіктірмей серіктестіктің атқарушы органы жүргізетін қатысушылардың тізілімінде көрсетілген мекенжай бойынша серіктестіктің әрбір қатысушысының өткізілетіндігі туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Хабарламада: 1) жиналыстың өтетін уақыты, орны мен күні; 2) ұсынылып отырған күн тәртібі; 3) қатысушылардың жалпы жиналысының түрі: кезекті немесе кезектен тыс; 4) жиналысты өткізу тәртібі; 5) сырттай дауыс беруі және сырттай дауыс беру рәсімін жүргізудің тәртібі; 6) оларға сәйкес жиналыс өткізіліп отырған Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің нормалары көрсетілуге тиіс. Серіктестіктің қатысушысы күн тәртібі бойынша ұсыныс енгізуге құқылы. Серіктестік қатысушыларға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қосымша хабарлауға құқылы.	Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы (ҚР 22.04.1998 ж. №220-І Заңы), 46-бабының 1-тармағы
2.	Жүз және одан да көп қатысушысы бар серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабар серіктестіктің жарғысында көрсетілген баспасөз басылымында жарияланады.	
3.	Хабарлар етілген жағдайда жиналыс үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің кемінде елу пайызы қатысқан кезде заңды деп есептеледі.	ҚР Жер кодексінің 101-бабы, 4,5 тармақтары
4.	Шешім жиналысқа қатысып отырған үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамалармен ресімделеді.	Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы (ҚР 22.04.1998 ж. №220-І Заңы), 46-бабының 1-1 тармағы
5.	Қатысып отырған үлестік меншікке (үлестік жер пайдалануға) қатысушылардың немесе олардың өкілдерінің барлығы хаттамаға қол қояды.	
6.	Жер үлесін бөліп шыққан үлескерлер шаруа немесе фермер қожалығын құрған жағдайда қатысушылардың жалпы жиналысының үлесті немесе пайды нақтылы бөліп шығаруға тиісті хаттамасы, бөлінетін жер учаскесінің орналасқан жері туралы келісілген материал, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің қысқаша бағдарламасы қоса берілген азаматтың өтініші оған жер учаскесіне құқықты ресімдеу үшін жергілікті атқарушы органға жіберіледі.	
3-қадам		
1.	Жер үлесін бөліп шығаруға байланысты серіктестік арасында келіспеушілік болып, бір шешімге келе алмаған жағдайда сот тәртібімен қаралып шешіледі.	Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 167-бабы

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы

АЗАМАТҚА АДАЛДЫҚ ЖАРАСАДЫ

Мемлекеттік қызметкер мемлекет мүддесін өзінен биік қойып, қол мен сана тазалығын сақтауға міндетті. Бұл бағытта өңірде көпке өнеге ететін жағдай бар. Жалпы, Әдеп жөніндегі уәкілдердің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес аудан, қала әкімдіктерінің, облыстық басқармалардың қызметкерлерімен үнемі кездесу өткізіліп тұрады.

Осы жылдың 10 айында 16 облыстық басқармада және аудан, қала әкімдіктеріне 15 рет жұмыс сапары ұйымдастырылып, онда мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалары және Әдеп кодексі нормаларын түсіндіру жұмыстары жүргізіліп.

Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында анонимді сауалнамалар жүргізіліп, оған 330-дан астам мемлекеттік қызметші қатысты.

Осындай бір кездесудің барысында Шиели ауданы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкері Еспанов Елжанмен таныстым. Онымен сұхбаттасуда белгілі болғандай, 2022 жылдың қазан айында Е.Еспановтың «Kaspi gold» жеке есеп шотына белгісіз азаматтан 300 мың теңге түскен. Өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын азамат мұндай жағдайда қандай шара қолдануға тиісті екенін жақсы білген.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға сәйкес, мемлекеттік қызметшінің шотына осы адам білмей келіп түскен ақша, ол анықталғаннан кейін екі аптадан аспайтын мерзімде тиісті мемлекеттік кіріс органына мұндай қаражаттың түсуінің мән-жайлары туралы түсініктеме ұсыныла отырып, республикалық бюджетке аударылуға жатады.

Осы талапқа сай Е.Еспанов мемлекет қызметіне адал ретінде, түскен қаражатты бюджетке аударған. Сөйтіп ол барлық мемлекеттік қызметкерге үлгі болды.

М.ШӘКІРБАЕВ,
Қызылорда облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі

Кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу бойынша өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыру

Ұйымдастырушы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

Байланыс телефоны: +7 (7242) 60-54-08, 60-54-07.

Өтінімдерді қабылдау нысанасы: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдесіндегі №140 бұйрығы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Өтінімдерді беру орны: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2023 жылдың «1» желтоқсанынан бастап 2023 жылдың «15» желтоқсан аралығы.

Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты: 2023 жылдың «1» желтоқсаны сағат 09:00.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты: 2023 жылдың «15» желтоқсаны сағат 19:00.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайтынын ескертеміз.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдесіндегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бола алады:

- 1 санат – келесі халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;
- мүгедектігі бар адамдарды;
- мүгедектігі бар бала тәрбиеленп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;
- зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы

азаматтарды (жасына байланысты зейнетке төлемдеріне құқық беретін жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);

- балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлғаларын – жиырма тоғыз жасқа дейін;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінен жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін он екі ай ішінде;

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ І және ІІ дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен наградталған қонабалалы аналарды;

- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оналудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оналту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

- қандастарды.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;
- азаматтарды қуту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- мінез-құлықтағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;
- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;
- коммуникацияны арттыру, оналту, әлеуметтік қызметтер, бейімделу, әлеуметтік сүйемделу бойынша қызметтер;

- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оналту үшін ғана пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БК әзірлеу;

- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру;

- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;

- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу.

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау, бал. және әлеуметтік. оқуда, дамытуда және әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдарға көмектесу;

- әлеуметтік оқыту, біліктілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік КЕҰ қызметкерлері мен еріктілері;

- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері)

- қоршаған ортаны қорғау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарына генерациялық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СӨС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1 (облыс әкімдігінің ғимараты) мек



АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ АРДАҚТАЛДЫ

Түркі әлемінің шоқтығы биік тұлғасы Мұстафа Шоқайдың кіндік қаны тамған Сұлутөбе жеріндегі «Наршоқы» елді мекеніне ұрпақтарының ұйытқы болуымен ескерткіш белгі қойылды.

Рухани іс-шараға Түркияның Мимар Синан көркемөнер университетінің профессоры Әбдіқапан Қара, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының орынбасары Қасымхан Бегманов, мемлекет және қоғам қайраткері, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығының ғылыми жетекшісі Әбдіжәлел Бәкір, Түркия, Күтахия Думлупынар университетінің профес-

соры Веджихи Сефа Фуат Хекимоғлы және тағы басқа зиялы қауым өкілдері қатысты.

Жиын соңында «Жаназар батыр» кесенесінде Мұстафа Шоқайдың аруағына Құран бағышталып, ас берілді.

Айта кетейік, Мұстафа Шоқай бүкіл ғұмырын Түркістан автономиясын құрып, Түркі мемлекеттерін бір шаңырақ астына біріктіру идеясына арнаған. Сол мақсат үшін қаншама қайғы мен қасіретке толы «тар жол тайғақ» кешуге мәжбүр болды. 21 жыл Еуропада эмиграцияда жүріп, қазақтың бостандығы үшін күресумен болды. Тіпті, Парижде жүріп, «Жас Түркістан» журналын шығарды. Өмірінің соңғы сәттеріне дейін Түркі елдерінің азаттығын аңсап өтті.

«СБ» ақпарат

ТЕАТР

Жуырда Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстан мен Қырғызстан өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстанның Халық артисі, профессор, Түркістан музыкалық драма театрының негізін қалаушы әрі тұңғыш көркемдік жетекшісі Райымбек Сейтметовтің 85 жылдығына орай алғаш рет ұйымдастырылған «РАЙУМБЕК FEST» I республикалық театр фестивалі өтті.

СБ Фазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Жан Толқынсының жарқылы

Фестивальде Н.Бекешов атындағы Қызылорда облыстық академиялық музыкалық драма театры сахналаған қырғыз халқының көрнекті жазушысы, драматург Сұлтан Раевтың «Ақ ләйлек» драмасы үздіктер қатарынан көрінді. Ал шығарманың басты кейіпкерін сомдаған жас актриса Жауһар Еркінова «Ең үздік әйел бейнесі» жүлдесін жеңіп алды.

Пьеса авторы, «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев өзінің Facebook парақшасында актрисаға және облыстық театр ұжымына құттықтау лебізін білдіріп, ықыласын танытты.

Ал енді қаламгердің терең толғанысынан туған «Ақ ләйлек» шығармасына көрермен көңілімен шолу жасап, драманың басты идеясы туралы ойымызды тарқатып көрейік.

Алғашқы сәтте жас арудың арманын шырақ биікке алып-ұшқан әсерлі оқиғалар одан әрі қарай не боларын ойлатпайды. Еліктің лағындай ерке арудың бірде баладай өкпелеп, енді бірде ақылау келіп, байсалды кейіпке еніп, арманымен сырласатыны ерекше тартымды. Жан дүниесін жаулап алған албырт сезімін жасырмай жайып салып, жүзгін сүйеніші – әжесінен бір жауап күтетіні оқиғаны күрделендіре түседі. Иә, шынында, шығарманың түпкі мазмұны сол кейуананың бір ауыз жауабына тіреліп тұрғанын әлпекте анғармайсыз. Алайда... Әжесінің ақырғы сөзі жас арудың (Жанардың) арман-қиялын тас-талқан етті... Ақ ләйлектердің қанатына ілесе

күллі арманы да көкке ұшып, қол жеткізбей бара жатқанын көрген ол аласұрып, екі оттың ортасында ессіз хәлге түсті... Ашуға булығып, жүрек түкпіріндегі ашы шынықты ақтарып салды.

Бәрін тастап кетпек еді... Бірақ кешігіп қалды... Осылайша оқиға желісін бастан-аяқ сомдап шыққан қос мұңлықтың тағдыры трагедиямен аяқталды. Шытырман оқиғалы шығармада автордың не айтқысы келгенін көрермен көңілі де қапысыз түйсінсе керек. Иә, шығарманың негізгі идеясы – ұлттық намыс, туған топыраққа, Отанға деген адалдық! Екі жастың арасындағы дәрменсіз махаббат бұған қарсы тұра алмады.

Оқиға барысында басты кейіпкердің мінезіндегі қайшылыққа толы күрделі сәттерді актриса өте шебер ойнады. Айталық, бірде еркелеп, бірде ашуланып, енді бірде шарасыз халде шарқ ұрғаны көрерменге шынайы әсер етті. Бірге жылатып, бірге күлдірді.

«Ең үздік әйел бейнесі» жүлдесінің иегері Жауһар Еркінова осы шығармада сомдаған Жанар образының өз болмысына көбірек ұқсайтынын айтады.

Әрине, кейіпкердің мінезіндегі сан түрлі құбылған сәттерді қаз-қалпында жеткізу оңай емес. Дегенмен ішкі сезіммен үйлесіп тұрғандықтан, өзімді еркін ұстадым. Кейіпкердің жан дүниесін барынша танытуға тырыстым. Театр мейталмандарынан жоғары баға алу менің шығармашылығымды одан әрі шыңдай түседі деп ойлаймын.

Бүгінге дейін Д.Базарқұловтың «Кездесу мен қоштасу» спектаклінде Катя, «Ромео мен Джульетта» спектаклінде Джульетта, Д.Жұмабайдың «Жәміл» спектаклінде Жәміл, А.Маеромовтың «Мәңгілік елдің алтын адамы» спектаклінде Қамқа, тағы басқа рөлдерді ойнадым. «Ең үздік әйел бейнесі» – бұл менің өнердегі алғашқы жеңісім, – дейді Ж.Еркінова.

Пьесаны қырғыз тілінен аударған театртанушы Ұлбосын Қылышбаева да драманың сәтті сахналанғанын айтады.

– Қырғыз тіліндегі шығарманы аударуға театр басшылығы тарапынан ұсыныс айтылды. Содан автордың келісімін алып, оқуға кірістім. Оқиғаның мазмұны ұнағаны соншалық, соңына ақшалай-ақ, бірден аудару басталдым.

Басты кейіпкер қыз бен әжесінің арасында ауыр диалог бар. Бірақ бұл – қазіргі өмірдің шынықты. Айта кетейін, пьесаның негізгі нұсқасында оқиға атасы мен немере қызы арасында баяндалған. Бірақ драманы сахнаға дайындаған режиссер Хүсейін Әмір-Темір атаның орнына әжені қойып, екеуінің етене жақын сырласуына мән берді. Менің ойымша, бұл шешім өте дұрыс болды. Өйткені оқиғаның шынайылығы айқындала түскендей. Басты рөлдегі актрисаның да еркіндігі сезілді. Облыс театрында сахналанған сәтті туындының бірі болды. Сарапшылардың назарын аударғаны да сондықтан болар, – дейді Ұ.Қылышбаева.

Айта кетейік, «Ақ ләйлек» драмасының қоюшы-режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Күрмет орденінің иегері Хүсейін Әмір-Темір және талантты актер Қанат Архабаев. Ал шығармадағы бас кейіпкер – Жанардың әжесін театр мейталманы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Залипа Төлепова сомдады.

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР
WWW.FINCENTER.KZ

Хабарландыру!
Құрметті ата-аналар
«ПАРАСАТ» жеке мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады

**АТА-АНАНЫҢ ТӨЛЕМІ ЖЫЛЫНА
1200 АЕК-ТЕН АСПАУЫ КЕРЕК**
(2023 жылы - 4 140 000 теңге)

АТА-АНА ТӨЛЕМІ АСЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА «ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ» АҚ-НА ХАБАРЛАСУЫҒЫЗДЫ СУРАЙМЫЗ

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ:
8-7172-695-037, 8-7172-695-058

WHATSAPP СІЛТЕМЕСІ

СЕРГЕК

Қармақшы ауданының Ақжар ауылы таланттарға бай. Өнерде де, спортта да қаншама дарынды жастар сан алуан додаларда жеңіс тұғырынан көрінді. Олардың арасында әлі күнге дейін күрестен қол үзбей, жанына серік еткен азаматтар бар. Ағайынды Әбу-Дастан мен Дәулет Зиналиев, Насреддин Айтымов бала кезінен балуандық өнердің қыр-сырына қанығып өсті. Кезінде бозкілем үстінде қарсыластарының жауырынын жерге тигізіп, тілеулес елдің мерейін тасытты. Бүгінде жас та болса ауыр атлетикадан жаһандық жарыста жеңімпаз атанған Ерасыл Сәулебековтің аталары да Ақжар топырағынан шыққан.

СБ Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

Бүгінде қырық жастың қырықсына шыққан жігіттер сонау бір кездегі алаңсыз балалық шағын жиі еске алады. Ауыл топырағында асыр салып ойнап жүрген балаларға күрестің әліппесін үйреткен азаматтар бар. Солардың бірі – даңқты балуан әрі бапкер Хайдар Қарпықов Әбу-Дастан мен Дәулет секілді өрендерге өне көрсетті.



АҚЖАРДАН ШЫҚҚАН 4 ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Ағалық ақылдан аямаған тағы бір белгілі бапкер Әділбек Серікбаев кезінде Сыр өңірінде қаншама балуанды тәрбиелеп шығарғаны белгілі. Алматыдан оқу бітіріп, туған топырақта табан аудармастан талантты жастарды тәрбиелеп өсірген Мұқанай Таубаевты да шәкірттері жоғары бағалайды.

– Өмір жолымда дұрыс таңдау жасауыма бапкерлік жасаған ағаларым көп көмегін тигізді. Бала кезімнен жат қылықтан бойымызды аулақ ұстап, күрес тәсілдерін үйренуге күш салдық. Жарыстарда

топ жарғанымыз – сол еселі еңбектің нәтижесі. Қазір өзіміз де жастарға тәлім беріп жүрміз. Қолдан келгенше олардың табысқа кенелуіне жағдай жасап жүрген жайымыз бар. Өзім туып-өскен Ақжар ауылынан ізімізді басқан жастардың алар асуы алда деп білемін, – дейді Әбу-Дастан.

Кезінде бозкілемнің шаңын қаққан Әбу-Дастан күрестің бірнеше түрінен республикалық турнирлерде топ жарды. Әрбір додаға тыңғылықты дайындалып, еркін күрес, дзюдо, самбо, казак күресінен қар-

сылас шақ келтірген жоқ. Қырық жастың қырықсына шықса да, әлі сол бабында. Быыл мемлекеттік қызметкерлер арасында өткен «Түйе балуан» республикалық турнирінде жүлдегер атанды. Былтыр желтоқсан айында Мәскеу қаласында болған Ресей шашы кубогінде дзюдодан жеңіс тұғырынан көрінді. Ал биыл маусым айында Астана қаласында болған самбодан «Азия және Мұхит елдері» чемпионатында жүлделі орынның бірін иеленді. Сондай-ақ, ол Болгарияның Варна қаласында

жауынгерлік күрестен ерлер арасында өткен Әлем чемпионатында, Грекияның Лутраки қаласындағы грэпплинг күресінен жеңімпаз болды.

Әбу-Дастанның інісі Дәулет те құралақан емес. Еркін күрес, дзюдо, самбодан республикалық турнирлерде бірнеше дүркін жеңімпаз және жүлдегер болды. Ресей астанасы Мәскеу қаласында өткен Ресей ашық кубогінде екінші орын алды. Астана қаласында болған самбодан «Азия және Мұхит елдері» чемпионатында күміс жүлдегер атанса, Болгарияның Варна қаласындағы жауынгерлік күрестен ерлер арасында Әлем чемпионы атанды.

Бүгінде ағайындылар Алматы қаласында «Кете Прайд» спорт клубын ашып, қаншама дарынды жасқа тәлім беріп жүр. Спорт кешені әкесі Зиналиев бастамасымен бой көтерді. Оған Әбу-Дастан мен Дәулет қолдау білдіріп, игілікті істі қолға алды. Қазір кешенде бапкер Төлеген Сұлтановтың жетекшілігімен еркін күрес, самбо, дзюдо, казаша күрес үйірмелері жұмыс жасап тұр. Сондай-ақ, мұнда жас өрендер грэпплинг, джиу-житсу, теннис, гимнастика, таэквондо, бокс, футбол және басқа да спорт түрлерінен тәлім алады.

Дәулет кәсіпкерлікпен айналысады. Спорт клубын ұйымдастыру, шаруашылық жұмыстары мен басқа да тірліктерінің басы-қасында жүреді. Солай болса да, үнемі өзінің жаны қалап тұратын спорттан қол үзген емес.

Ақжардан шыққан тағы бір

Әлем чемпионының аты-жөні – Насреддин Айтымов. Бала кезінен балуандық өнерге бауыр басқан жігіт еркін күрестің әліппесін Мұқанай Таубаевтан үйренді. Оқушы кезінде сан алуан сайыста жеңімпаз болған ол сол дағдысынан студент кезінде де ажыраған емес. Спорт шеберлігіне үміткер дәрежесіне дейін жетті. Еңбеккерлік қасиетінің арқасында дзюдо, самбо, казак күресінен республикалық турнирлерде бірнеше дүркін топ жарса, кейбірінде жүлдегерлер қатарынан көрінді. Насреддин де былтыр дзюдодан Ресей ашық кубогінде үздік үштікте болды. Сол жылы Біріккен Араб Әмірлігінде дзюдо күресінен Әлем чемпионы атанды. Негізгі жұмысымен қатар спортпен айналысуға үнемі уақыт табады.

Ауыр атлетикадан жасөспірімдер арасында Әлем чемпионы атанған Ерасыл Сәулебеков – Ақжар ауылының мақтаншысы. Ол Мексика жерінде алтыннан алқа тағып, көк туымызды көкке көтерді. Әлем чемпионатында 67 келі салмақ дәрежесінде жүлкі көтеруден 123, серпе көтеруден 158 келіні, нәтижесінде қосайыста 281 келіні бағындырды.

Алақандай ауылдан төрт Әлем чемпионының шыққаны – өзге жұртқа өнеге. Ерасылдан басқа үшеуі бүгінде Алматы қаласында тұрғанымен, әлі күнге дейін туған топыраққа жиі ат басын бұрады. Жас өрендерге ағалық ақылын айтып, спортпен дос болуға шақырады.